

Б 65.29  
С22

Р. Б. Сартова

# ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ



Павлодар

865.29  
Cdd

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Р. Б. Сартова

# **ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ**

Оқу құралы

Павлодар  
Кереку  
2015

ӘОЖ 005 (075.8)  
КБЖ 65.290 – 2я73  
С22

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің  
Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды**

**Шкірсарапшылар:**

З. А. Арынова – экономика ғылымдарының кандидаты, доценті  
Инновациялық Еуразия университетінің;

А. Б. Рахмешева – экономика ғылымдарының кандидаты, доценті  
Екібастұз инженерлік техникалық институтінің

А. А. Нурғалиева – экономика ғылымдарының кандидаты.

**Сартова Р. Б.**

С22 Инновациялық менеджмент : оқу құралы / Р. Б. Сартова. –  
Павлодар : Керек, 2015. – 81 б.

ISBN 978-601-238-522-9

Оқу құралында инновациялық менеджменттің теориялық негіздері және инновациялық қызметті мемлекеттік реттеу қарастырады. Инновациялық-инвестициялық жобаларды түзу және тиімділігін бағалау берілген.

Оқу құралы 5В050700 «Менеджмент» студенттеріне арналған.

ӘОЖ 005 (075.8)  
КБЖ 65.290 - 2я73

ISBN 978-601-238-522-9

© Сартова Р. Б., 2015  
© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2015



**Кіріспе**

Қазақстанда соңғы онжылдықтарда нарықтық механизмдерге негізделген экономикалық қатынастарға өтуге байланысты түпкілікті өзгерістер болды. Бірақ, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтудің ғылыми және экономикалық негізделген модельдің жоқтығы және реформаларды жедел жүргізу себебінен, жүргізілген шаралар елдің әлеуметтік экономикалық дамуында толық көлемде күткендей нәтиже бермеді. Мысалы, экономиканың шикізаттық тәуелділігі шикізат бағасының тұрақсыздығы кезеңіндегі белгілі макроэкономикалық эффект арқылы байқалды, яғни шикізат экспортынан түскен ауқымды тұрақты валюта түсімдері ұлттық валютаның жасанды өсуіне әкеліп соқтырады, ал отандық тауар өндірушілердің қарқындап өсуші импортпен бәсекелесуге қауқары жетпейді. Сонымен, соңғы онжылдықта ҚР-да шикізаттық емес салалардың үлесі 3-6 есеге азайды, керісінше орны толмас табиғи ресурстарды өндіру ұлғайды — мұнай, газ бен қара және түсті металл рудаларын. Елдің инвестициялық саясатының шикізаттық бағыты өнеркәсіпте қалыптасқан диспропорцияны одан ары тереңдетті.

Сонымен қатар әлемдік өңделмеген шикізат нарығы тұтынушы нарығы ретінде бағаланады, өйткені сатушы көп те, сатып алушы аз. Мамандардың есептеуі бойынша экспорттерлер, орташа есеппен, экспорттаған тауарлар үшін батыс тұтынушысы төлеген соманың 25% ғана алады.

Бұл тығырықтан шығу жолы, бастапқы шикізаттан ондаған және жүздеген есе қымбат тұратын, жоғары технологиялық бұйымдарды өндіруді ұйымдастыру.

Бұл үшін өндірістік секторды алғы ғылыми-техникалық жетістіктер негізінде технологиялық жаңарту (модернизациялау) керек.

Сондықтан, экономиканы диверсификациялау мен модернизациялау негізінде елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету, экспортқа бағытталған бәсекеге қабілетті өнімдерді шығаруға жағдай жасау мақсатында ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бастауымен «2003-2015 ж.ж. елдің индустриалды-инновациялық даму стратегиясы» қабылданды, оның шеңберінде ЖҰӨ-ді 2015 жылға 3,5 есе өсіру көзделген [2].

Нарық жағдайында өнеркәсіптік кәсіпорындарды жетістіктерді игеруге қомақты қаржыларды салуға мәжбүр ететін негізгі себеп, тіпті нарықта монополиялық жағдайды иемдену мүмкіндігі жоқ болса да, әрине, бәсекелестік болып табылады, онымен кез-келген технология

беретін, өнім шығаратын немесе қандай-да бір қызмет көрсететін кәсіпорын бетпе – бет келуге мәжбүр. Кәсіпорындар мен компаниялар өз өнімдерінің бәсекелестік қабілетін сақтауды және табыс алуды өздері ойлауы керек. Яғни, олар нарық жағдайын, негізгі және мүмкін бәсекелестердің іс – әрекетін, қалыптасқан нарықтық тепе-теңдікті өзгертуге қабілетті жаңа ғылыми және технологиялық жетістіктердің пайда болуын қадағалап және болжап отырулары керек.

Соңғысы 70 — ші жылдардан бастау алатын, қазіргі ҒТП кезеңінде ерекше маңызға ие болды.

Бұл келесі себептерге байланысты:

- өндірістің техникалық деңгейінің жоғарылауы;

- жаңа техника және технологияларды құру, игеру мерзімдерін

елеулі қысқарту қажеттілігі;

- экономиканың барлық салаларында ҒТП қолдануға мүмкіндік беретін өндірісті дамытудың интенсивті факторларының күшеюі;

- жаңа техника және технологияларды құру және енгізудің тиімділігін арттырудағы ғылымның анықтаушылық ролі;

- жаңа өнімді игеру барысында кәсіпорындардың шығындарының көбеюі және экономикалық көрсеткіштерінің төмендеуі;

- техника және технологиялардың жедел моральдық ескіруі;

- жаңа техника және технологияларды өндіріске енгізуді жедел-детудің объективті қажеттілігі және т.б.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешудегі приоритет инновациялық менеджмент еншісіне тиеді.

Инновациялық менеджмент дегеніміз дәстүрлі емес басқарушылық шешімдерді құрастыру және жүзеге асыру нәтижесінде өндірісте өнімнің әртүрлі қасиеттерінің (бағдарламалық-өнімдік, технологиялық, ақпараттық, ұйымдастырушылық, басқарушылық және т.б.) жаңа оң сапасына қол жеткізуге бағытталған басқарушылық қызмет.

Инновациялық менеджменттің негізгі міндеті – ғылым, техника, өндіріс және тұтырудың бірлігін, яғни инновациялық өнімге деген қожамдық қажеттілікті, қамтамасыз ететін, ұйымдастыру және басқару әдістерін қолдану нәтижесінде сандық және сапалық өзгерту арқылы, инновациялық процесстерді басқару.

Бұдан басқа инновациялық менеджменттің негізгі міндеттерінің бірі кәсіпорындар мен компаниялардың бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ететін жаңалық енгізулерді үдйін өндіріп және мақсаттық іздестіруді жүзеге асыратын орн қамтамасыз ету.

Инновациялық ортаның негізгі элементтері.

- инновациялар, яғни ғылыми және ғылыми-техникалық нәтижелердің немесе интеллектуалдық еңбек өнімдерінің жиынтығы;

- қандай да бір жаңалықтардың тұтынушысы болып табылатын, бәсекеге қабілетті тауар өндіруші;

- тауар өндірушіні қажетті жаңалықтармен қамтамасыз етуге байланысты барлық жұмыстар кешенін қаржыландыруды қамтамасыз ететін, инвесторлар;

- осы процесс барысында туындайтын мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін, инфрокұрылым (бизнес-инкубаторлар, технопарктер және т.б.).

Ұйымның инновациялық ортасына ерекше көңіл бөлінеді, оны қалыптастыруда, жалпыға танымал бәсекелестік қабілетті қамтамасыз ету құралымен (маркетингпен) қатар, білімді алу процесін және осы білімді, нарықта сұранысқа ие, өнімге трансформациялау ерекше рөлге ие болуда.

Жоғарыда аталғандар кәсіпорындар мен компанияларда, нарық жағдайында шаруашылық субъекттердің жоғары табысты қызметін қамтамасыз ету үшін, басқарудың экономикалық механизмін жақсарту мақсатында инновациялық менеджментті енгізу және жетілдіру мәселесінің актуалдығын айқындайды. Сондықтан аталған мәселе осы дипломдық жұмыстың тақырыбы ретінде таңдалды.

Жұмыста инновациялық менеджмент мәселесі компаниялар мен кәсіпорындар қызметіндегі дағдарыстық құбылыстардың және олардың нәтижесінде пайда болатын өзгеріс процесстерінің алдын алу және дұрыстау әдісі ретінде қарастырылады. Осыған сәйкес, жұмыста инновациялық менеджмент деп нарықтық экономиканың дағдарыс алды, дағдарыс және дағдарыстан кейінгі жағдайларында кәсіпорындар мен компаниялардың қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қаржы- экономикалық және технологиялық сипаттағы шаралар жүесі түсініледі.

Нарықтағы кез келген өзгерістер әр уақытта тұрақты және оптималды жүйеге белгісіздік, айқынсыздық, тұрақсыздық енгізеді, оларды дағдарыстық жағдай деп қарастыру қалыптасқан. Ұзақ уақыт бойында басқару процесінде нарықтағы дағдарыс жағдайына осы жағдай пайда болғаннан кейін, яғни оның алдын алу мүмкін болмаған кезде, көңіл аудара бастайтын. Қазіргі кезде жетекші компаниялардың әрекетінде алдын алу стратегиясының басымдылығы байқалады.

Теориялық та, тәжірибелік те тұрғыдан инновациялық менеджмент объектісіне нақты анықтама беру өте маңызды. Мұндай қажеттілік оның жаңалық енгізуді басқару жүесінің негізгі элементі болғандығымен және, оның құрылымына, функцияларына, басқару

әдістері мен құралдарына, сонымен қатар оның тиімділігін бағалау критерийлеріне негізгі әсер ететіндігімен айқындалады.

Бұл жұмыста инновациялық менеджменттің зерттеу объектісі ретінде нарықтың әлеуметтік, экономикалық және техникалық жүйелерінде жаңалықтарды енгізуді және нәтижесінде пайда болған өзгерістерді құрастыру, игеру және тарату мақсаттық бағытталған процесстері түсініледі.

Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Қойылған мақсатқа сәйкес жұмыстың бірінші бөлімінде инновациялық менеджменттің пайда болуының теориялық және әдістемелік негіздері және оны компаниялар мен кәсіпорындардың қызметіне енгізу қажеттілігі зерттелді.

Жұмыстың екінші бөлімінде зерттеу объектісіндегі қазіргі басқару жүйесіне талдау жүргізіледі, компанияның қазіргі жоспарлау және басқару жүйесінің жақсы және теріс жақтары анықталды. Автордың өз концепциясы және зерттелуші компания үшін инновациялық менеджменттің әдістемесі құрастырылған.

Жұмыстың үшінші бөлімінде компанияның шаруашылық қызметін едәуір жақсартуға мүмкіндік беретін инновациялық менеджменттің механизмдерін қолдану негізінде зерттелуші объектіні басқаруды жетілдіру шаралары құрастырылған.

Жұмыстың қорытындысында зерттелуші объектінің шаруашылық қызметіне енгізу үшін қорытындылар мен ұсыныстар берілген.

Жұмыстың көлемі парактан тұрады, әдебиеттер тізімі атауды құрайды.

Оқу құралының мақсаты шаруашылық субъектілердің қызметінің тиімділігін арттыруға, олардың нарықтағы қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге және табыс көлемін көбейтуге мүмкіндік беретін прогрессивті инновациялық менеджмент әдістері негізінде зерттелуші объектіні облысының жекелеген өнеркәсіптік кәсіпорындарын – басқаруды жетілдіру бойынша шараларды құрастыру болып табылады.

## 1 Инноватика теориясының қалыптасуы және оның қазіргі кездегі концепциялары

Инновацияның және оның экономикалық дамудағы ролін терең зерттеушілердің алғашқысы Н.Д. Кондратьев болды (Кондратьев Н.Д. Большие циклы конъюнктуры и теория предвидения: изб. Труды, 2002 ж.). Кондратьев Германия, Англия, АҚШ, Франция бойынша XVIII ғасырдың аяғынан XX ғасырдың басына дейінгі статистикалық деректерді зерттеп, экономикаға 40-60 жыл кезендік ауытқулар тән екенін анықтады.

Қазіргі кезеңге дейін белгілі ғылыми-техникалық жетістіктерді қолдануды кеңейтумен байланысты болатын бес технологиялық тәртіптер өтілген.

Бірінші технологиялық тәртіп – 1770 – 1830 жылдар шамасында. Текстильдік өнеркәсіптегі жаңа технологияларға, су энергиясын қолдануға негізделген. Бұл кезеңде Уатта жүн иіру машинасы мен Робертсон және Хоррокстың тігін машинасы ойлап шығарылған.

Екінші технологиялық тәртіп – 1830 – 1880 жылдар шамасында. Бу двигателін ойлап шығару машина жасау, ауыр өнеркәсіп, транспорттың дамуын жылдамдатты. Бұл өз кезегінде, өнеркәсіптің тау өндіруші және металлургия салаларының дамуына әсерін тигізді.

Үшінші технологиялық тәртіп – 1880 – 1930 жылдар шамасында. Уақыттың бұл кезеңінде электроэнергия мен болаттың белсенді меңгеруі мен қолдануы жүзеге асырылды. Органикалық емес химия облысында маңызды дамулар байқалды.

Төртінші технологиялық тәртіп – 1930 – 1980 жылдар шамасында. Бұл тәртіп ішкі жану двигателі мен мұнайхимиясының пайда болуымен байланысты. Бұл автомобиль жасау, авиация дамуы, мұнай өндіру мен қайта өңдеу, синтетикалық материалдардың пайда болуы мен кеңінен қолдану уақыты.

Бесінші технологиялық тәртіп – 1980 – 2035 жылдар шамасында. Бұл тәртіп ақпараттық технологиялардың, телекоммуникацияның, биотехнологияның дамуымен, атомдық энергияның қолдануымен, космосты меңгерумен және басқа да XX ғасырдың екінші жартысындағы маңызды технологиялық жетістіктерімен байланысты болады.

«Инновация» сөзі 1440 жылдары француз тіліндегі «жаңғыру немесе жаңару» немесе «зат жасаудың жаңа жолы» деген мағыналарды білдіретін «innovation» сөзінен пайда болған.

Сонымен, 1440 жылдары инновацияларға не қатысты болған? Не де болса, ол жаңалықтар бүкіл адамзат өмірін өзгертіп, оны

жақсартқанға ұқсайды.

Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметтер туралы заңына» сәйкес инновация дегеніміз – ғылыми техникалық зерттеулер мен интеллектуалды еңбектің нәтижесінде пайда болған жаңа немесе жақсартылған өнім және жаңа немесе жақсартылған технология.

2002 жылдың шілде айында қабылданған «Инновациялық қызмет» туралы Заңы Республиканың ғылым саласына, ел экономикасына үлкен серпіліс әкелетін жаналық болды.

Максаты – отандық өндірістің инновацияларға сұранысын арттыру, қолданбалы зерттеулерді қолға алу, ұлттық технопарктер құру.

Ғылыми-техникалық прогресс – кез келген мемлекеттің ұлттық байлығының негізгі саласы. Барлық дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей, экономикалық даму, көркейтудің негізгі жолы ғылыми-техникалық және инновациялық салада лидер болу. Инновациялар мен жаңалықтар экономиканың құлдырауына төтеп беріп, ғылыми-техникалық прогресстің белсенді түрде дамуына жағдай жасап, ұлттық экономиканың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады.

«Инновация – ұғымын» экономикалық теорияға өткен ғасырдың 30-шы жылдарында И.Шумпетер енгізді. Қазіргі кезде көптеген әдебиеттерде инновацияға әртүрлі анықтамалар берілген:

- инновация дегеніміз – жаңа идеяларды түрлердіруге байланысты қызмет түрі немесе нарыққа енгізілген жетілдірілген өнім.
- инновация – практикалық қызметте пайдаланылған жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процесс.
- инновация – әлеуметтік қызметтерге жаңа тәсіл.

Жалпы алғанда инновация дегеніміз – әкелетін ғылыми-техникалық, ұйымдастырушылық, қаржылық және коммерциялық іс-шаралар кешенін болжайды.

Шетелдік зерттеушілер Э.Дж.Долан, Я.Корани, П.Хейне, П.Ф.Друкер, Н.Г.Менкью, Г.Хоскинг, И.Шумпетер, В.Леонтьев және т.б. өндірістік сферадағы кәсіпкерліктің инновациялық сипатын бейнелейтін экономикалық қатынастардың қазіргі заманғы теориясын дамытты.

Алайда бұл ғалымдардың еңбектерінің басым бөлігі жалпы ғылымдық сипатта жазылған немесе мәселенің жеке тұстарын ғана шешуге арналған.

Қазіргі уақытта инновациялық өнімді тиімді жасап, ұтымды пайдалану қатынастарын сапалы түрде қарастырмайынша елдегі аса мңызды әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу мүмкін

еместігін түсіну енді жеткілікті емес. Ал бұл өзіне тән арнайы мамандандырылған қызмет субъектілері, инфрақұрылым институттары, өзіндік нарықтық қатынастары бар елдің барлық инновациялық потенциалының дамуын талап етеді.

Инновация дегеніміз – интеллектуалды еңбек нәтижесі ретінде рынокқа тіпті жаңа немесе жаңартылған өнім және жаңа немесе жаңартылған технология түрінде шығарылатын жаңалықты айтамыз.

Әлемдік экономикалық әдебиеттерде «инновация» жалпы қабылданған термин ретінде қолданылады.

И.Шумпетер бойынша инновация – тек жаңалық енгізу емес, сонымен қатар өндірістегі жаңа қымбат болып табылады, кәсіпкерлік бұл кәсіп емес ол тәуекел, бизнес арқылы инновация нарығына жылжу қабілеті. Кәсіпкерлік технологиялық дамумен, инновациялымен және экономикалық өсумен тығыз байланысты.

Ағылшын-орыс сөздігі «инновация» бұл жаңалық енгізу, жаңашылдық, өзгеріс деген мағынаны білдіреді. Инновация терминіне түсінік қысқаша жалпы редакциясы В.А.Макаренконың «қазіргі кездегі түсініктер мен терминдер» сөздігінде «инновация» (ағылшын «innovation» - «жаңалық», «жаңғырту») бұл:

- 1) Техника мен технологияның алмастыруды қамтамасыз ету үшін, экономикаға жұмсалатын қаражат.
- 2) Ғылыми-техникалық прогресстің жетістігі болатын жаңа техника мен технология нәтижесі.
- 3) Дайын өнім, жаңа ойларды синтездеу, өндіру. Жаңа технологиялар, моделдер құру, оларды өмірге енгізуді қамтамасыз ететін саяси бағдарламалар, т.б.
- 4) Тіл білімінде жаңа білімнің пайда болуы, морфологиядағы жаңатүсініктердің пайда болуы.

Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметтер туралы заңына» сәйкес инновация дегеніміз – ғылыми техникалық зерттеулер мен интеллектуалды еңбектің нәтижесінде пайда болған жаңа немесе жақсартылған өнім және жаңа немесе жақсартылған технология.

Егер жаңалықтың экономикалық және әлеуметтік құны болмаса онда ол инновация емес, себебі инновация деп өндіріске енгізілген белгілі бір пайдалы әсерді қамтамасыз ететін инновациялық үрдістердің нәтижесін айтамыз.

Инновация – ғылыми-техникалық зерттеу, өндіріс, маркетинг және менеджмент сияқты әртүрлі салаларда жүзеге асырылады.

Инновациялық пайдалы тиімділіктің мынадай түрлері болады:

- экономикалық тиімділік;
- экологиялық тиімділік;

- ғылыми-техникалық тиімділік;
- әлеуметтік тиімділік.

Инноватика теориясының қалыптасуы — Й.Шумпетер теориясынан басталады. 1920 жылдары австриялық ғалым Й.Шумпетер өзінің

«Экономикалық өсу теориясы» деген еңбегінде экономикалық теория ғылымдарында алғаш рет инновация түсінігіне көңіл аударды. Оның айтуынша, экономикалық тұрақтылықты жаңашыл кәсіпкерлер бұзады. Бұл кәсіпкерлер рынокқа жаңа өнім әкеліп, басқа кәсіпкерлерді бәсекеге шақырады. Әр кәсіпкер бәсекеден қалып қоймау үшін, өз тарапынан басқа да жаңа өнімдер ойлап табуға мәжбүр болады. Әр кәсіпорынның ішкі факторларын жаңадан біріктіру, яғни факторлар комбинациясы арқасында да жаңалық алуға болады деді. Й.Шумпетер жаңа комбинациялардың бес түрін көрсетті:

- жаңа өнімді қалыптастыру;
- жаңа технология пайдалану;
- өндіріс процессін ұйымдастырудың жаңа түрлерін пайдалану;
- сатудың жаңа рыноктарына шығу;
- ресурстардың жаңа түрлерін немесе жаңа қайнар көздерін пайдалану.

Й.Шумпетер өз теориясын Н.Д.Кондратьев толқындарымен байланыстырды. Й.Шумпетерден кейін инновациялар теориясын циклдер теориясымен байланыстыра отырып Г.Менш, К.Фримен т.б. ғалымдар жалғастырды. Ал американдық кеңес беруші «МакКинзи» компаниясының менеджері Р.Фостердің «технологиялық айырылымдар теориясы» Й.Шумпетер теориясынан ерекше болды. Р.Фостердің айтуынша кез келген технологияның S — сияқты белгілі бір өмірлік циклі болады. Әр кәсіпкер өз технологиясының өмір циклін жақсы білуі керек, технология құлдырау фазасына жақындаған уақытта, ол технологияны жаңартуға немесе ауыстыруға даяр болуы керек.

Инновациялық процесстің тауарлыққа айналу барысында оның екі органикалық кезеңі бөліп қарастырылады: құру және тарату; жаңалықты диффузиялау. Біріншісі, негізінен, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, тәжірибелік өндіріс пен өткізуді ұйымдастыру, коммерциялық өндіріс сияқты ғылыми зерттеудің кезеңдерін біріктіреді. Бірінші кезеңде әлі жаңалықтың пайдалы әсері жүзеге асырылмайды, тек қана мұндай жүзеге асырудың алғы шарттары құралалы. Екінші кезеңде қоғамдық — пайдалы әсер жаңалықты өндірушілер, сонымен қатар өндірушілер мен тұтынушылар арасында бөлінеді. Диффузия нәтижесінде өндірушілердің де, тұтынушылардың да саны және сапалық

сипаттары өзгереді. Жаңалық енгізу процесстерінің үзіліссіздігі рынок экономикасында жаңалық енгізу диффузиясының жылдамдығы мен кеңдігіне анықтамалық әсер етеді.

Инновацияның диффузиясы — уақыт бойында ол арқылы жаңалық коммуникациялық каналдар арқылы әлеуметтік жүйе мүшелері арасында жеткізілетін процесс. Жаңалық ретінде шаруашылық субъектісі үшін жаңа болып табылатын, идеялар, бұйымдар, технологиялар және т.б. болуы мүмкін. Бір сөзбен айтқанда диффузия — бұл бір рет игерілген және пайдаланылған инновацияны жаңа жағдайда немесе жаңа қолдану орнында тарату. Инновацияны тарату — бұл ақпараттық процесс, оның формасы мен жылдамдығы коммуникациялық каналдардың қуаты, шаруашылық субъектілерінің ақпаратты қабылдау ерекшеліктері, олардың осы ақпаратты пайдалану қабілеті және т.б. тәуелді. Бұл нақты экономикалық ортада әрекет етуші шаруашылық субъекттер инновацияларды іздеуде әртүрлі көзқарасты ұстануы және оларды игеру қабілеттерінің әртүрлілігіне байланысты.

Нақты инновациялық процесстерде жаңалық енгізу диффузия процесінің жылдамдығы әртүрлі факторлармен анықталады:

- шешім қабылдау формасымен;
- ақпаратты жеткізу әдісімен;
- әлеуметтік жүйенің сипатымен, сонымен қатар жаңалық енгізудің өз сипатымен.

Жаңалық енгізудің (ЖЕ) сипаттары: дәстүрлі шешімдерге қарағанда салыстырмалық артықшылығы; қалыптасқан тәжірибе мен технологиялық құрылымға үйлесімділігі, күрделілігі, жинақталған енгізу тәжірибесі және басқалар.

ІІІ соңғы нәтиже тұрғысынан қарастыруда тек мәселе аумағында жаңа дәлелдеуші мәліметтерді және ақпараттарды жинақтауға бағытталған зерттеу қызметін бөліп қарастыру қажет.

Теориялық, фундаменталды зерттеу (ФЗ) тікелей нақты қолданбалы есептерді шығарумен байланысты емес. Бірақ, ол инновациялық процесстің негізі болып табылады. Сонымен қатар, теориялық зерттеулердің қажеттілігі тәжірибенің қажеттіліктерінен және зат туралы бұрынғы білімдерді синтездеу қажеттіліктерінен туындауы мүмкін. Фундаменталды зерттеулер, әдетте, қолданбалы зерттеулерде көрініс табады, бірақ бұл бірден болмайды: көбінесе бір зерттеу келесі тармақталған құрастырылымдардың тізбегінің негізі болады, олардың бір бөлігі ары қарай дамытылмай тұйыққа тіреледі, басқалары, керісінше, қолданбалы зерттеулер кезеңіне дейін жетеді және рынокқа енгізуге арналған тауар өндіруде көрінісін табады.

Мысалы, жаңа дәрілерді өндіру кезінде жүз мыңдаған заттар фармакологиялық скринингтен өткізіледі, бірақ олардың жүздегені ғана қолданбалы құрастырылымдарға енгізіледі, және тек бірнешеуі ғана фармацевтикалық өнім шығаруға негіз болады.



1-ші сурет — Инновациялық процессті басқару

Сонымен, инновациялық процесстің әртүрлі кезеңдерімен байланысты және осыны есепке ала отырып өзінің басқарушылық әрекетін құрастырады.

Инновациялық менеджментке, менеджменттің басқа облыстары сияқты, келесілер тән:

- мақсат қою және стратегия таңдау;
- төрт кезең.

Айтылған 1-ші суретте көрнекіленген.

Суреттен басқару процесінің 4 кезеңнен тұратынын көруге болады:

1) Жоспарлау: стратегияны жүзеге асыру жоспарын түзу.

2) Шарттарды анықтау және ұйымдастыру: инновациялық кезеңнің әртүрлі фазаларын жүзеге асыру үшін ресурсқа деген қажеттілікті анықтау, қызметкерлер алдына міндеттерді қою, жұмысты ұйымдастыру.

3) Орындау: зерттеулер мен құрастырылымдарды, жоспарды жүзеге асыру.

4) Басқару: бақылау және талдау, әрекеттерді түзету, тәжірибе жинақтау; инновациялық жобалардың тиімділігін бағалау; инновациялық шешімдердің тиімділігін бағалау; жаңалықтарды қолдану.

Келтірілген суреттен, басқарушылық тұрғыдан инновациялық

менеджмент — бұл жаңалық енгізуді, инновациялық әрекетті, осы әрекетпен айналысатын ұйымдастырушылық құрылымдар мен олардың персоналын басқарудың принциптері, әдістері мен формаларының жиынтығы деген қорытынды жасауға болады.

Өз кезегінде жаңалықтар, тек оларды таратуға қабылданаған кезден ғана бастап жаңа сапаға ие болады — инновация болады. Жаңалықты нарыққа енгізу процесін коммерциализация процесі деп атау қалыптасқан. Жаңалықтың пайда болуымен, оның инновацияға айналуы аралығындағы уақыт кезеңі инновациялық лаг деп аталады.

Бір сападан екінші сапаға өту ресурстарды шығындауды қажет ететіні (еңбек, капитал, қаржы, уақыт, және т.б.) жалпыға белгілі. Жаңалықтарды инновацияға айналдыру да әртүрлі ресурстарды шығындауды қажет етеді, олардың негізгілері инвестициялар мен уақыт болып табылады. Нарық жағдайында инновациялық әрекеттің негізгі компоненттері жаңалық, инвестициялар және жаңалық енгізу болып табылады. Жаңалықтар жаңалықтар нарығын, инвестициялар капитал (инвестиция) нарығын, жаңалық енгізулер (инновациялар) жаңалық енгізулер нарығын қалыптастырады. Осы үш компонент инновациялық әрекет саласын құрайды (2 — ші сурет).

Кен мағынада инновация деп жаңалықтарды жаңа технология, жаңа өнім мен қызмет түрлері, өндірістік, қаржылық, коммерциялық, әкімшілік және басқа да сипаттағы ұйымдастырушылық — техникалық, әлеуметтік-экономикалық шешім түрінде табысты пайдалануды түсіну керек. Идеяның пайда болуы, құрастырылуы мен таратылуы және оны пайдалану арасындағы уақыт кезеңін инновацияның өмірлік кезеңі деп атау қалыптасқан. Жұмыстарды жүргізу ретін ескере отырып инновацияның өмірлік кезеңі инновациялық процесс деп қарастырылады.

Жаңалықтар нарығы. Нарықтағы негізгі тауар оған авторлық және ұқсас құқықтар таралатын, қолданыстағы халықаралық, отандық және басқа да заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес рәсімделген, интеллектуалдық іс-әрекеттің ғылыми және ғылыми-техникалық нәтижесі болып табылады.

Әлемдік тәжірибеде ғылыми (ғылыми-зерттеу), ғылыми-техникалық іс-әрекетті, сонымен қатар эксперименталды (тәжірибе-конструкторлық) құрастырылымдарды бөліп қарастырады. Ғылыми (ғылыми-зерттеу) іс-әрекеттері жаңа білімді алу, тарату және қолдануға бағытталған.

Жаңалықтар нарығын ғылыми мекемелер, жоғары оқу орындары, уақытша ғылыми ұжымдар, ғылыми қызметкерлердің бірлестіктері, коммерциялық ұжымдардың ғылыми — зерттеу бөлімдері, дербес



лабораториялар мен бөлімдер, отандық және шетелдік жаңашылдар қалыптастырады.



2-ші сурет — Инновациялық әрекет сызбасы

Суреттен инновациялық процесстердің сыныптамасын келесі критерийлер бойынша жүргізуге болатынын көруге болады: мазмұны, жаңалық деңгейі, инновациялық потенциалы, бойынша; ұйымдастырушылық ерекшеліктері, жаңалық енгізудің өмірлік кезеңінің мерзімі және т.б. осыған сәйкес инновациялардың келесі түрлерін ажыратады:

1) Радикалдык (жаңалық) деңгейі бойынша: базистік инновациялар, ірі жаңалықтарды жүзеге асырады және техниканың дамуының жаңа бағыттарын қалыптастыруға негіз болады; жақсартатын инновациялар, әдетте ұсақ және орташа жаңалықтарды жүзеге асырады және ғылыми-техникалық кезеңнің таратылу және тұрақты даму кезеңдерінде басым болады; псевдоинновациялар, ескірген техника ментехнологияларды жартылай жақсартуға бағытталады.

2) Қолдану сипаты бойынша, яғни жаңашылдық потенциалы бойынша: өнімдік инновациялар, жаңа өнімдерді өндіру мен пайдалануға бағытталған; технологиялық инновациялар, жаңа технологияны құру және қолдануға бағытталған; әлеуметтік, жаңа құрылымдарды құру мен жүзеге асыруға бағытталған; кешендік, өнерістердің бірнеше түрінен құралады; нарықтық, жаңа нарықтарда

өнімдерге, қызметтерге деген қажеттілікті өтеуге мүмкіндік береді.

3) Пайда болуының ынтасы (көзі) бойынша: ғылым мен техниканың дамуынан туындаған инновациялар, өндірістің қажеттілігінен туындаған инновациялар және нарық қажеттілігінен туындаған инновациялар.

4) Ұдайы өндіру процесіндегі ролі бойынша: тұтынушы инновациялар және инвестициялық инновациялар.

5) Көлемі бойынша: күрделі инновациялар (синтетикалық) және қаршайым инновациялар.

Келтірілген инновациялардың сыныптамасы жаңалық енгізу процесстері өз сипаты бойынша көп түрлі және күрделі, яғни, оларды ұйымдастыру формалары, инновациялық әрекетке ықпал жасау көлемі мен амалдары да көп түрлі болуы керек деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жаңалық енгізудің таза бәсекелестік нарығы. Таза бәсекелестік нарығы деп, бір де бір сатушы немесе сатып алушы ағымдағы бағаларға үлкен әсер етпейтін жағдайда, ұқсас тауарлармен мәмілелерді жүзеге асыратын сатушылар мен сатып алушылардың жиынтығын атайды.

«Таза» бәсекелестік ұғымын пайдалану бізге шаруашылық субъектілері арасында тиімді капитал салу, өткізу нарығы, ресурстар көзі мен ғылыми-техникалық әрекет нәтижесі үшін бағалық, бағалық емес және басқа да жарыс және күрес мәселелерін қарастырмауға мүмкіндік береді.

Ертеректе ғылыми және ғылыми-техникалық әрекет нәтижесі ретіндегі жаңалықтан, жаңа технологияларды, тауарларды, қызмет түрлерін, жаңа әдістерді және с.с. қоғамдық мойындау ретіндегі жаңалық енгізуге дейін уақыт және ресурстар шығындау процесі жүзеге асырылатыны туралы айтылған.

Таза бәсекелестік нарығы бұл процессте екі тұрғыдан көрінеді, олар қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресі түрінде болады. Ұйымның жаңалық нарығына қатысу формасының әртүрлілігіне қарамастан, анықтаушы шарт ретінде ғылыми және ғылыми-техникалық салаға да, жаңалықтарды инновацияларға айналдыру процесіне де инвестиция салу болып табылады. Компаниялар мен кәсіпорындарға жаңа технологиялар, ішкі және сыртқы нарықтарды бәсекеге қабілетті өнімдер (қызметтер) сатып алу, өз тауарлары үшін жаңа нарықтар, жабықтаушылар мен сатып алушыларды табу қажет.

Мемлекетке қару-жарақтың жаңа түрлері, жаңа ақпараттық технологиялардың тиімді жүйесі, энергияның экологиялық таза түрлері, ресурс үнемдеуші технологиялар және т.б. қажет.

Бірақ, кез келген шаруашылық субъектісінің қажеттілігін қанағаттандырудағы негізгі шектеуші барлық түрлердегі капитал болып табылады (жарғылық, несиелік, айналымдық, акционерлік, венчурлық және т.б.).

Келтірілген сызбадан капитал нарығының негізгі факторлары макроэкономикалық ортаның жағдайы, заңнамалық негіздер, жекешелендіру, салық жүйесінің шарттары, қаржылық механизм мен ақпараттық технологиялардың даму деңгейі, сонымен қатар елде қолданылатын өндіріс және өнім стандарттары болып табылатынын байқауға болады. Капиталдың негізгі міндеті инновациялық салаға отандық және шетелдік қаржы ресурстарын тарту және тиімді орналастыру болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде инновациялық менеджменттің негізгі ұғымдары мен мәніне анықтама берейік. Инновациялық менеджмент — бұл шығарылатын өнімдердің (тауарлардың, қызметтердің) номенклатурасын кеңейту және жаңарту, оларды өндіру технологияларын жетілдіру үшін жаңалықтарды, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін және құрастырылымдарды пайдалану және коммерцияландыруға бағытталған іс-әрекет.

Инновация саласына капитал салуға байланысты шаралардың жиынтығын инновациялық-инвестициялық әрекет деп атауға болады.

Инновациялық-инвестициялық әрекеттің түрлері келесідей болуы мүмкін:

а) өндірістік жабдық пен құралдарды сатып алуды, олардағы, сонымен қатар жаңа технологиялық процессті құруға қажетті өндіріс пен сапаны бақылаудағы әдістер мен стандарттардағы өзгерістерді қамтитын, өндірісті дайындау және ұйымдастыру;

б) өнім мен технологиялық процессті жетілдіруді, жаңа технологиялар мен жабдықтарды қолдануға персоналды дайындауды қамтитын алдын-ала өндірістік құрастырылымдар;

в) нарыққа жаңа өнім шығаруға байланысты әрекет түрлерін қарастыратын, жаңа өнім маркетингі;

г) сырттан патент, лицензия, ноу-хау ашу, сауда маркалары, конструкциялар, модельдер және технологиялық мағынадағы қызметтер формасындағы заттық емес технологияларды сатып алу;

д) зияттық технологияларды сатып алу — өзінің технологиялық міндетін бойынша инновациялық жобаларда өнімдік немесе процесстік инновацияларды енгізумен байланысты, машиналар мен жабдықтар;

е) өндірістік процедураларды, техникалық арналымдарды анықтау үшін жоспарлар мен сызбаларды дайындауды қарастыратын, өндірістік жобалау.

Инновациялық-инвестициялық әрекеттің объектілері ұйымдастырушылық-құқықтық формасы мен меншік формасына қарамастан заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, шетелдік мекемелер мен фирмалар, сонымен қатар инновациялық әрекетке қатысушы шикиматығы жоқ тұлғалар. Субъекттердің құқығына ҚР Конституциясы кепілдік береді. Инновациялық әрекет субъекттерін келесі топтарға бөлуге болады: жанашылдар; ерте реципиенттер; ерте көпшілік және артта қалушылар. Біріншіден басқа топтардың барлығы инициаторларға жатады. Жанашыл — инновацияның авторы. Жаңалықтар нарығын, таза бәсекелестік нарығын және капитал (инвестициялар) нарығын қарастырғаннан кейін «инновациялық сала» ұғымына анықтама берейік. Ол, инноваторлар, инвесторлар, бәсекеге қабілетті тауар өндірушілер мен жалпы ұйымның өзара қатынастар жүйесі түріндегі, қоғамдық еңбек бөлінісінің формасы. Сонымен, инновациялық менеджмент, жиынтығы инновацияларға әкеліп жеткізетін, ғылыми, технологиялық, ұйымдастырушылық, қаржылық және коммерциялық шаралардың кешенін қарастырады деген қорытынды жасауға болады.

Экономикада жаңалықтар, әдетте, тұтынушыда кездейсоқ жаңа қажеттіліктер туындағаннан және өндірісті қайта бағыттағаннан кейін емес, маркетингтік зерттеулердің арқасында өндірістің өзі тұтынушыларды жаңа қажеттіліктерге үйреткеннен кейін ендіріледі.

Инновациялық жоба түсінігі екі мағынада қолданылады:

1) Қандай да бір мақсаттарды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін кіндік да бір әрекеттердің жиынтығын қарастыратын іс, іс-әрекет, шара ретінде;

2) Қандай да бір әрекеттерді жүзеге асыруға қажетті ұйымдастырушылық-құқықтық, есеп-қаржылық құжаттар жүйесі ретінде. Әр инновациялық жоба, күрделілігі мен жұмыс көлеміне қарамастан, өзінің даму барысында қандай да бір жағдайлардан өтеді: «жоба әлі жоқ» жағдайдан, «жоба енді жоқ» жағдайға дейін.



Қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, жобалар өтетін жағдайлар кезең (фаза) деп аталады. Жобаны құру мен жүзеге асырудың әр кезеңінің өз мақсаттары мен міндеттері бар (1 – ші кесте).

1 – ші кестеден инновациялық жобаның жалпы кезеңін инвестиция алдын кезеңі және инвестиция кезеңіне бөлуге болатынын көруге болады. Инвестиция алдын кезеңінде зерттеу, жоспарлау, құжаттарды түзу және жобаны жүзеге асыруға дайындық жүргізіледі. Алғашқы ойды жүзеге асыру шарттарын талдау, жобаның негізгі концепцияларын құрастыру жүзеге асырылады, ТЭН беріледі және сонында инвестициялау туралы соңғы шешім қабылданады.

Инвестиция кезеңінде тендерлер сен саудалар жүргізіледі және олардың негізінде инвесторлармен келісімшарттар түзіледі. инновациялық жобаны жүзеге асыру және пайдалану жүзеге асырылады.

Инновациялық идеяны таңдау және қандай да бір инновациялық жобаны жүзеге асыру туралы шешім қабылдау кезінде бірқатар жағдайларды анықтап алу керек: егер тауарлық инновация туралы сөз болса — ол тауар нарықта жақсы қабылдана ма; егер кез келген инновациялық жоба туралы сөз болса — нақты табыс алу (жобадан келетін табыс, оған жұмсалған шығындардан елеулі жоғары болу керек) және нақты қатерді бағалау (жобаға қатысты қатер оны жүзеге асырудан түсетін табыспен шекті мүмкін қатынаста болуы керек).

Қойылған мақсаттарға жету және инновациялық жобадан монополиялық жоғары табыс алу үшін келесі қажетті шарттар мен талаптарды сақтау керек: мүмкін тұтынушылардың жаңалыққа деген сұраныс көлемін, оның осы қажаттілікті өтеуде қолданыстағы әдістен экономикалық сипатталған артықшылықтарын анық білу керек; жаңалықты құру, өндіру және өткізу кезінде пайда болатын, ресурстық шектеулерді анықтау керек, яғни, жаңалықтың экономикалық потенциалын жан-жақты дұрыс болжау керек; инновациялық жобаны табысты жүзеге асырудың міндетті шарты компания персоналының жоба талаптарына сай келуі болып табылады; материалдық-қаржылық ресурстардың шектеулілігі және нарықтық анықсыздық жағдайында, инновациялық жобаның табысты болуында ұйымдастыру мен басқарудың сапасы маңызды роль атқарады.

1-ші кесте - Инновациялық жоба кезеңдерінің мазмұны

Жобаның инвестиция алды кезеңі		Жобаның инвестициялық кезеңі		
Жобаны инвестициялау алдында зерттеу және жоспарлау	Құжаттарды түзу және жүзеге асыруға дайындау	Сауда өткізу және келісім-шарттар түзу	Жобаны жүзеге асыру	Жобаны аяқтау
1. Бәйбілемдерді зерттеу	1. Жобалау-тексеру жұмыстарының жоспарын құру	1. Келісім-шарттар түзу	1. Жобаны жүзеге асыру жоспарын құру	1. Жүргізу-реттеу жұмыстары
2. Алғашқы ойды жүзеге асыру шарттарын талдау, жобаның негізгі концепциясын түзу	2. ТЭН-ге тапсырма беру және ТЭН-ді түзу.	2. Жабдық жеткізуге келісім түзу.	2. График түзу.	2. Объектіге іске қосу.
3. Инвестицияларды жобалау алдын кезеңінде	3. ТЭН-ді келісу, сарыптау және бекіту.	3. Подряд жұмыстарына келісім жасау.	3. Жұмыстарды орындау.	3. Ресурстар демобилизациялау, нәтижелерді талдау.
4. Орындалу орынын келісу және таңдау	4. Жобалауға тапсырма беру.	4. Жоспарлар құру.	4. Мониторинг және бақылау.	4. Эксплуатация.
5. Экологиялық негіздеу	5. Құру, келісу және бекіту.		5. Жобаның жоспарын түзету.	5. Жөндеу және өндірісті дамыту.
6. Тарихтама	6. Инвестициялау туралы соңғы шешім қабылдау.		6. Орындалған жұмыстарды төлеу.	6. Жобаны жабу, жабдықтарды бұзу.
7. Алдын ала инвестициялық шешім				

#### Бақылау сұрақтары:

1. Инновациялық менеджменттің негізгі түсініктері. Жалпы инновация түсінігі.
2. Инновациялық технологиялар – менеджменттің басқару объектісі ретінде.

#### Тақырыпты қайталауға арналған тест сұрақтары

- 1) «Жаңа енгізулер» түсінігі нені білдіреді:
  - A) Ұйымдық жүйеге жаңа болып табылатын прогрессивті жаңа енгізу;
  - B) Жаңа өнімді өндірудегі ұйымдастыру жүйесі;
  - C) Кәсіпорында жоспарланған ғылыми өндеулер кешені;
  - D) Жаңа өнімді өндіру процесі;
  - E) ІЗҮК –ды өткізу.

2) Фундаменталды, колданбалы, конструкторлық және т.б. шаралар кезеңдерінен өтетін идеяның таурға айналу процесі бұл:

- A) Ғылыми-техникалық прогресс;
- B) Ғылыми-зерттеу жұмыстары;
- C) Инновациялық процесс;
- D) Өнімнің өмірлік циклі;
- E) Бизнес-жоспар.

3) Алдыңғы аналогынан ерекшеленетін және табыс әкелетін ғылыми зерттеулер нәтижесінде өндіріске енгізілген объект, бұл:

- A) Жөнделген құрал-жабдықтар комплексі;
- B) Инвестициялар;
- C) Капитал;
- D) Бизнес-жоба;
- E) Инновация.

4) Техникадағы революциялық бетбұрыстардың негізі болып табылатын және оның жаңа бағыттарының қалыптасуына әсер ететін, сонымен қатар жаңа экономика салаларының қалыптасуы мен өз бетімен дамуына әсер ететін инновациялар, бұл:

- A) Үлкен инновациялар;
- B) Ретро инновациялар;
- C) Сауда инновациялар;
- D) Пионерлік жобалар;
- E) Фьючерлік инновациялар.

5) Арнайы бір бағытта техниканың жаңа түрлерін қалыптастыратын инновациялар, бұл:

- A) Орта инновациялар;
- B) Фьючерлік инновациялар;
- C) Кіші инновациялар;
- D) Үлкен инновациялар;
- E) Ретро инновациялар.

## 2 Инновациялық менеджменттің мәні және оның атқаратын қызметтері

Инновациялық менеджмент - бұл әр түрлі деңгейлердегі объектілерде жанашылықтарды әзірлеу және еңгізу үрдістерін ұйымдастыру және жоспарлау (оған мотивация мен бақылау кіреді), және олар осы объектілердің инновациялық мақсаттарына жетуге бағытталған.

Инновациялық менеджменттің функциялары:

- шарықтау жағдайына, сыртқы ортаның өзгерістеріне байланысты инновациялық мақсаттар мен бағдарламаларды тұрақты түзету;
- фирманың инновациялық қызметінің жоспарланған шекті нәтижесіне жетуге бағыт алу;
- басқару шешімдерін қабылдау кезінде көп нұсқалық бағалаулар үшін қазіргі заманғы ақпараттық базаны қолдану;
- стратегиялық басқару мен жоспарлау функцияларын өзгерту – адамның болып саналатын өзгерту;
- фирманың инновациялық қызметін өзгерту және жақсартудың бірнеше негізгі факторларға көңіл бөлу;
- шикі қол жеткізген шекті нәтижелердің негізінде ғана жалпы басқару жұмысын бағыттау;
- фирманың бірлік ғылыми-техникалық және өндірістік потенциалын оның басқаруына қарату;
- шешімдердің өзгерістерін алдын ала көру және дамыту негізінде басқаруды жүзеге асыру;
- фирманың жұмысының әрбір сегментінде инновациялар мен жаңашылықтарды қамтамасыз ету, стандартты емес шешімдерді қабылдау;
- әрбір экономикалық шешімнің терең экономикалық талдауын өткізу.

Қазіргі күні әдебиеттерге сай инновациялық менеджмент дегеніміз - инновациялық жобаларды басқару, жоспарлау, бақылау және инновациялық персоналды ұйымдастыру әдістемелерінің жиынтығы.

Инновация дегеніміз — интеллектуалды еңбек нәтижесі ретінде рынокқа тіпті жаңа немесе жаңартылған өнім және жаңа немесе жаңартылған технология түрінде шығарылатын жаңалықты айтамыз. Бірақ, ол өнімнің тек жаңалық қасиетіне иелігі инновация болуына жеткілікті. Ол нағыз инновация деп аталуы үшін, белгілі бір пайдалылық эффектісіне ие болуы шарт.

Инновация ұғымы — кәсіпорынның инновациялық қызметі — бұл жаңа немесе өнімнің жақсаруы, не қызмет көрсетуі, оларды өндірудің жаңа әдістерін, қолдану мақсатындағы ғылыми-техникалық және зияткерлік әлеуеттік шаралар жүйесі. Бұл жеке сұранысты, сонымен бірге жалпы пайдалы жаңалықтарға қоғамның мұқтажын қанағаттандыруы үшін пайдаланылады.

Жаңа өнімді өндіріске енгізу инновацияның түбегейлі өнімділігі ретінде анықталады. Мұндай жаңалықтар негізінде жаңа технологияға негізделеді, не тіршілікте қолданылып жүрген технологияны жаңа түрінде пайдалануын ұштастырады.

Процестік инновация- бұл жаңалықты енгізу немесе өндіріс тәсілін және технологияны едәуір жетілдіру, жабдықтарды және өндірісті ұйымдастыруды өзгерту.

«Жаңалық» дәрежедегі инновация негізінде жаңа, яғни өткен, отандық және шетелдік практикада ұқсастығы жоқ және жаңа нәрсенің салыстырмалы жаңалығы болып ұсақталады. Негізінде өнімнің жаңа түрлер технологиясы және қызмет көрсетуі басымдық, абсолюттік жаңалықтарға ие болады және үлгінің түп нұсқасы болып табылады.

Инновацияның өмірлік кезеңі өзара байланысты процестердің және жаңалықтарды енгізу сатысының жиынтығын көрсетеді. Инновацияның өмірлік кезеңі уақыт аралығы ретінде идеяның дүниеге келуінен өндірістік өткізуден алып тастағанға дейінгі инновациялық өнімнің негізінде анықталады.

Кәсіпорынның инновациялық қызметін әзірлеуде, енгізуде, жаңалықтарды пайдалануда қосылатындары:

- жаңалық идеяны әзірлеу, зертханалық ғылыми жұмыстар, өнімнің жаңа зертханалық үлгілерін техниканың жаңа түрлерін, жаңа конструкцияның және бұйымдарды дайындауда ғылыми-зерттеу және конструкциялық жұмыстарды жүргізу;
- өнімнің жаңа түрлерін дайындау үшін шикізаттар мен материалдардың қажетті түрлерін тандап алу;
- жаңа өнімді дайындауда технологиялық прогресті әзірлеу;
- қажетті өнімдерді дайындау үшін жобалау, жасау, сынақтан өткізу және жаңа техниканың үлгілерін енгізу;
- жаңалықтарды іс жүзіне асыруға бағытталған ұйымдастырушылық басқарушылық шешімдерді әзірлеу және енгізу;
- қажетті ақпараттық ресурстарды және инновацияны ақпаратпен қамтамасыз етуді зерттеу және әзірлеу;

- қажетті ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды жүргізу

- үшін дайындау, оқыту, жаңа мамандық беру және қызметкерлерді арнайы әдіспен іріктеу;

- лицензиялау, патенттеу, ноу-хау жұмыстарын жүргізу немесе қажетті құжаттарды алу;

- инновацияны жетілдіруді ұйымдастыру және маркетингтік зерттеулерді жүргізу.

Қазіргі күнгі әдебиеттерге сай инновацияларды жалпы үш түрге жіктейміз:

1) Инновация — өнім — өнімдік инновация)

2) Инновация — процесс (технологиялық инновация)

3) Ұйымдастырушы — басқару саласындағы инновация

Инновациялық қызмет дегеніміз — бүкіл инновациялық процесс барысында атқарылатын қызметтер.

Кәсіпорынның инновациялық қызметі - бұл жаңа немесе өнімнің жақсаруы, не қызмет көрсетуі, оларды өндірудің жаңа әдістерін қолдану мақсатындағы ғылыми — техникалық және зияткерлік әлеуеттік шаралар жүйесі. Бұл жеке сұранысты, сонымен бірге жаңа пайдалы жаңалықтарға қоғамның мұқтажын қанағаттандыруы үшін пайдаланылады.

Инновациялық қызмет — нәтижелері экономикалық өсу мен басқарушылық қабілеттілігі үшін пайдаланылатын, өндірістің және қоғамды басқарудың әртүрлі салаларына жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, технологиялар мен өнім түрлерін енгізуге бағытталған қызмет;

Инновациялық қызметке мынадай қызмет түрлері:

- қоғамды басқару саласына жаңа идеялар мен ғылыми білімдерді енгізу;

- экономикалық айналымда іске асырылатын жаңа немесе жетілдірілген өнімді (жұмысты, көрсетілетін қызметті), жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процесті жасауға бағытталған ғылыми — зерттеу, жобалау, ізденіс, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды орындау мен оларға қызмет көрсету;

- инновациялық тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу рыногын ұйымдастыру;

- өндірісті технологиялық қайта жарактандыруды және дайындауды жүзеге асыру;

- жаңа технологиялық процестерді, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сертификаттау мен стандарттау мақсатында сынақтар өткізу;

- бастапқы кезеңде инновациялық жоба өтемділігінің нормативтік мерзіміне жеткенге дейін жаңа немесе жетілдірілген өнім (жұмыс, көрсетілетін қызмет) өндіру және (немесе) жаңа немесе жетілдірілген технологияны қолдану;

- инновациялық инфрақұрылымды құру мен дамыту;

- инновациялық қызмет нәтижелерін насихаттау және инновацияларды тарату;

- игеру және іске асыру мақсатында интеллектуалдық меншік объектілеріне (оның ішінде ашылмаған ғылыми, ғылыми — техникалық және технологиялық акпаратқа) құқықтарды қорғау, беру және иемдену;

- Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес инновациялар жасауға бағытталған өзге де қызмет түрлері жатады.

Инновациялық процесстің негізгі кезеңдері мыналар:

1. Алынған ойларды жүйелеу:

- Нарық өзгерісі туралы акпарат жинау, жаңалықтар, ҒЗТҚЖ ұйымдарынан алынған және маркетингтік зерттеулер, фирма аппараттарының сауда делдалдарынан жинаған акпараттары және т.б:

- Фирманың жаңа өнім өндіру мүмкіншілігін және тәуекелдер деңгейін анықтау;

- Мақсаттық нарық және оның дамуы туралы акпараттар жинау.

2. Жекелеген ойларды талдау және жаңа өнім идеясын зерттеу:

- Фирма дамуы стратегиясына жаңа өнім өндіру жоспарының сәйкес келуі.

- Мүмкіншіліктерді жаңа ойды практикалық іске асыруды анықтау.

- Болашақ өнімнің патенттік айқындығын анықтау.

3. Жаңа өнімнің экономикалық тиімділігіне анализ жасау және маркетингтік бағдарлама құру:

- Өнім өндіру идеясының нақты жобаға айналу талдауын жасау.

- Потенциалды нарық сұранысына және сату көлеміне талдау жасау.

- Өнімнің техникалық-экономикалық сипатын анықтау оның сапасына және тұтынушылық қасиетіне баға беру.

- Жаңа өнімді өндіруге кететін шығындарды анықтап, өнімнің өз құнын өтеу мерзімін белгілеу.

- Жаңа өнім өндіруге қажетті негізгі ресурстардың көздерін табу.

Оларға: техникалық машиналар, құралдар, шикізаттар, материалдар, кадрлық персоналдар және қаржылық ресурстар көздері жатады.

- Жаңа өнімді игеру және оның нарыққа шығу мерзімі.

- Өнімнің пайдалылығын талдап, оған маркетингтік бағдарлама жасау.

#### **Ғықылау сұрақтары:**

1) Инновациялық кәсіпкерліктің мәні.

2) Технология түсінігі. Технологиялардың түрлері.

3) Инноватика теориясының қалыптасуы

4) Инновациялар неше түрге жіктеледі?

5) Инновацияның қызметі дегеніміз не?

6) Инновациялық менеджменттің негізгі қызметтері қандай?

#### **Тықырықты қайталауға арналған тест сұрақтары:**

1) Жаңа үлгілердің құрылуына негіз болатын және жаңа түрлерінің модификациясына негіз болатын инновациялар, бұл:

A) Өте үлкен инновациялар;

B) Үлкен инновациялар;

C) Кіші инновациялар;

D) Ретро инновациялар;

E) Орта инновациялар.

2) Өндіріс тиімділігінің жоғарлауына әсер ететін және қолдану негізінде өнімдердің жеке бір өндірістік немесе тұтынушылық параметрлерін жақсартатын инновациялар – бұл:

A) Кіші инновациялар;

B) Орта инновациялар;

C) Өте үлкен инновациялар;

D) Фьючерлік инновациялар;

E) Ретро инновациялар.

3) Жаңа ғылыми білімдерді алуға және бар заңдылықтарды сауда бағытталған зерттеулер, бұл:

A) Маркетингтік зерттеулер;

B) Сұраным мен ұсынысты зерттеу;

C) Ішкі және сыртқы ортаны меңгеру;

D) Негізгі зерттеулер;

E) Экономикалық болжам.

4) Жаңа теорияларды құру, жаңа ұғым мен ұсынымға негізделген, ғылыми ашылымдарды зерттеу дегеніміз не:

A) Теоретикалық зерттеулер;

B) Менджментті ұйымдастыру облысындағы зерттеулер;

- С) Кәсіпорынның өндірістік мүмкіндіктерін зерттеу;
- Д) Тұтынушылық сұранымның зерттелінуі;
- Е) Бәсекелестерді білу.

5) Технология мен идеяны құру, жана принциптерді іздестіру мен ашуды міндет етіп зерттеу, бұл:

- А) Эксперименттік зерттеулер;
- В) Қорытынды зерттеулер;
- С) Ізденістік зерттеулер;
- Д) Маркетингтік зерттеулер;
- Е) Әлеуметтік зерттеулер;

6) Жанашылдық концепциясын құру және оның техникалық жүзеге асырушылыққа негізделген инновация, бұл:

- А) Эксперименттік зерттеулер;
- В) Теоретикалық зерттеулер;
- С) Маркетингтік зерттеулер;
- Д) Теоретикалық зерттеулер;
- Е) Экономикалық зерттеулер.

7) Негізгі зерттеулерге мыналар жатады:

- А) Теоретикалық зерттеулер, теоретикалық зерттеулер, эксперименттік зерттеулер;
- В) Маркетингтік және әлеуметтік зерттеулер;
- С) Ішкі және сыртқы ортаны зерттеу;
- Д) Сұраным мен ұсынысты зерттеу;
- Е) Өндірістік және кадрлық потенциалының зерттелінуі.


8) Болашақ өнімнің эскиздік модельдеу және оның конструкторлық талқылауды қамтитын ғылыми жұмыстар:

- А) Жалпы ұйымдық жұмыстар;
- В) Өндірістік дайындау жұмыстары;
- С) Теоретикалық жұмыстар;
- Д) Ғылыми-зерттеу жұмыстары;
- Е) Ізденістік жұмыстар.

### 3 Кәсіпорын инновациялық процессін басқару әдістері

Инновациялық үрдісті іргелі, қолданбалы зерттеулер, конструкторлық әзірлемелердің, маркетингтің, өндірістің, өтімнің – технологияларды комерциялизациялау үрдісінің кезеңдерінен өтетін, айдың ақырындап тауарға айналу үрдісі ретінде анықтауға болады.

Инновациялық үрдістің негізгі кезеңдері 3 суретіне сәйкес ұсынылған.



3 – ші сурет – Инновациялық үрдістің кезеңдері

Қазір Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық зерттеулері мен инновациялық саясаты кризистік жағдайда. Бірақ сол кезеңдегі қармақтан Қазақстан кәсіпкерлері шетел жаналықтары мен ғылыми-техникалық жетістіктерін табысты түрде игеріп, оларды өздеріне қарқынмен қызметтеріне енгізіліп келеді. Әрине бұл инновациялар халықаралық технологиялық деңгейде көтерілуге мүмкіндік береді, бірақ сол ғылыми-техникалық жетістіктердің көбісі тек біз үшін ғана инновация, ал шетелдіктер үшін олар кешегі күн жиналықтары. Сондықтан да шетел технологиясы мен техникасын игерумен қатар өз ұлттық Ғылыми-техникалық потенциалымыздың дамуына жағдай жасап, отандық ғалымдардың ғылыми жетістіктерін өндіріске енгізіп, оларды бағалай білуіміз керек.

Негізінен инновациялық қызмет жана шаруашылық аймақтық құрылымдарды (технопарктерді, бизнес инкубаторларды, аймақтық инновациялық қорларды, венчурлық фирмаларды) дамытуға, бұрын құрылған шаруашылық субъектілер арасындағы өзара байланыстарды трансформациялауға, бақару технологияларын дамытуға көмектеседі.

Кәсіпорындармен жалпы Республиканың инновациялық қызметін дамытуға келсек, мемлекеттің 2003 — 2015 жылдарға арналған индустриялық инновациялық бағдарламасын айтып кетпеуге болмайды. Бағдарлама мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

- экономиканың жоғары технологиялық шикізаттық емес секторларын қалыптастыру;

- инновациялық қызметті мемлекеттік ресурстық қолдау;

- өнеркәсіпті технологиялық жаңғыртуды жүргізу және экспортқа бағытталған ғылымды қажетсінетін өндірістерді құру;

- ғылыми – инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру;

- шығын кәсіпкерлік субъектілерін инновациялық қызметке тарту;

- салалық және аймақтық инновациялық бағдарламаларды

- қалыптастыру және іске асыру;

- инновациялық қызметті дамыту үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз

- ететін нормативтік құқықтық базаны қалаптастыру;

- неғұрлым перспективалы ғылыми бағыттарды сақтау және дамыту;

- инновациялық кәсіпорындар үшін мамандарды даярлау;

- халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту.

Осы жоғарыда аталған міндеттерді жүзеге асыру арқылы ғана мемлекетіміздің, кәсіпорындарымыздың инновациялық қызметін дамытуға болады.

Инновациялық менеджмент дегеніміз — инновацияларды, инновациялық процесстерді және инновациялық қызмет негізінде пайда болатын қатынастарды реттеуші, басқарушы және ұйымдастырушы жүйе.

Ұйымда инновациялық менеджмент, әдетте, мынадай қызметтерді атқару арқылы жүзеге асырылады:

- Инновациялық қызметтің негізгі мақсатын айқындау.

- Инновациялық менеджмент стратегиясын таңдау

- Инновациялық жобаларды басқару әдістерін таңдау.

- Компанияның инновациялық қызметінің бағдарламасын жасау.

- Инновациялық процеске қатысты шараларды реттеу, ұйымдастыру.

- Инновациялық жобаның жүзеге асырылуын қадағалау.

- Инновациялық портфельді түзету және инновациялық менеджмент әдістерін жаңарту.

Инновациялық менеджмент тұрғысынан алғанда, инновациялық қызметпен айналысатын кәсіпорындар — инновациялық қызмет пен

процесстерді коммерциялық мақсат үшін жүзеге асырады. Инновациялық қызметтерді үш түрлі деңгейде орналасқан ұйымдар жүзеге асырылады:

- мемлекеттік деңгейде, ол түрлі ғылыми технопарктік құрылымдар, ғылыми орталықтар;

- ірі кәсіпкерліктегі қомақты компаниялар

- иштық инновациялық компаниялар.

Инновациялық қызметті атқарушы тұлғалар мыналар:

- инновацияны жасаушы және іске асырушы жеке және заңды тұлғалар;

- технополистер, технологиялық парктер, технологиялық инкубаторлар, инновациялық қорлар, инновациялық орталықтар және инновациялық қызмет инфрақұрылымының өзге де ұйымдары;

- инновациялық қызметті реттеуге қатысатын мемлекеттік органдар;

- инновацияларды жасаушылар мен тұтынушылардың мүдделерін білдіретін және қорғайтын қоғамдық бірлестіктер

Инновациялық менеджменттің басқару объектісі:

1. инновациялық жобалар мен бағдарламалар;

2. интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері;

3. технологиялар, жабдықтар мен процесстер;

4. өндіріс пен кәсіпкерлік инфрақұрылымы;

5. өндірісті, басқарушылық, коммерциялық немесе өзге де процесстерді сапалы мен тиімділігін едәуір жақсартатын, өзге де жаңа ұйымдық-техникалық қаржы — экономикалық шешімдер инновациялық қызмет объектілері болып табылады.

Инновациялық процесстерді интегралды, параллелді және объекті ұйымдастыру әдістері.

Төзіретін жүйінде инновациялық үрдістерді ұйымдастыру, жоспарлау, бақылаудың көптеген әдістері бар. Олардың көбісі инновациялық менеджмент, стратегиялық менеджмент, жобаларды басқару, менеджменттің жалпы теориясы сияқты пәндер мен ғылымдардың негізінде қалыптасқан.

Естеріңізге айтылғандай, жаңа өнімнің рынокқа тиімді енуі мен пайдалы болуы инновациялық үрдістердің тиімді ұйымдастырылуы негізінде болады.

Осы инновациялық процессті ұйымдастырудың тәжірибе жүзінде бірнеше түрі бар:

- сатылы әдіс (оны немесе дәстүрлі, классикалық әдіс деп те атайды)

- параллельді әдіс



- интегралды әдіс

Инновациялық қызметті ұйымдастырудың сатылы әдісі ол ұйымдағы функционалды бөлімдерде инновациялық процесстің сатылы түрде, яғни кезекпен жүзеге асыруына бейімделген.

Жаңа өнім шығару бойынша шешім компанияның басқару иерархиясының ең жоғарғы деңгейінде қабылданады. Онан соң инновациялық жобаны бастау туралы мәлімет компанияның ғылым зерттеу бөліміне түседі. Бұл бөлім өз тарапынан зерттеу жұмыстарын атқарып, өнімнің жалпы техникалық қасиеттерін анықтап, эксперименталды сынақ жұмыстарын жүзеге асырады. Инновациялық жоба онан кейін маркетинг бөліміне жіберіледі. Маркетинг бөлімі, ғылыми зерттеу бөлімінің нәтижелері мен нұсқауларына сүйене отырып нарыққа зерттеу жасап, өнімнің тұтынушылық қасиеттерін анықтап, өнімнің түрін, түсін, сыртқы қабын тағайындайды.

Осы механизм бойынша жоба қаржы бөлімінен, өндіріс және сату бөлімдерінен өтеді. Инновациялық қызметті ұйымдастырудың бұл түрінде көптеген кемшіліктері бар, мысалы:

- 1) Инновациялық жобаны жүзеге асырылу мерзімі ұзарады;
- 2) Бөлімдер арасында келіспеушілік болады;
- 3) Инновациялық жобаға деген жауапкершілік төмендейді.

Бұл әдіс бойынша инновациялық өнім өндіру бойынша шешім қабылданған соң жобаны жүзеге асыру туралы бұйрық барлық функционалды бөлімдерге параллельді түрде түседі. Жобаны техникалық зерттеу, маркетингтік талдау және қаржы ресурстық анықтамалар бірдей бір мезгілде жүргізіліп жатады. Бұл модельді пайдалану арқасында инновациялық жобаны жүзеге асыру мерзімін қысқартуға болады. сату бөлімі

Бірақ бұл әдістің де біршама кемшіліктері бар:

- 1) Бөлімдер арасындағы өзара байланыс әлсірейді.
- 2) Мұнда да инновациялық жобаға деген жауапкершілік төмен болады.
- 3) Жұмысшылар екі түрлі бағытта жұмыс атқарады, біріншісі күнделікті өз жұмысы, екіншісі жаңа инновациялық жоба бойынша, бұндай жағдай жұмысшылардың ынтасын төмендетуі мүмкін.
- 4) Бір бөлімде екі басшы болу қаупі болады, біреуі осы бөлімнің күнделікті басшысы, екіншісі жаңа инновациялық жоба бойынша басшы.

Келесі әдіс ол интегралды әдіс. Бұл ұйымдық құрылымның матрицалық түріне өте ұқсайды. Жаңа инновациялық жобаны жүзеге асыру мақсатында уақытша топ ұйымдастырылады. Бұл топты «уақытша мақсаттық топ» деп атайды да бұл бөлімге функционалды

бөлімдерден қажетті мамандар жинақталады. Ол мамандар өзара келісіп инновациялық жобаны жүзеге асырады.

#### **Ғылыми сұрақтары:**

- 1) Инновациялық процессті жүзеге асыру барысында қандай факторлар әсер етеді?
- 2) Инновациялық процессті ұйымдастырудың қандай түрлерін білесіз?

#### **Тыңырлығы қайталауға арналған тест сұрақтары:**

1) Келесі күшті инновациялық менеджментте инновациялық қызметтерді ұйымдастырудың мынадай түрлері бар:

- A) тібекті, параллельді және интегралды
- B) ғылыми техникалық және технологиялық
- C) әлеуметтік, экономикалық, экологиялық
- D) инновативтік, патенттік, эксперименттік, коммутанттық
- E) инжиниринг, реинжиниринг

2) Инновациялар неге бағытталады?

- A) қажеттілікті қанағаттандыруға
- B) өнімді жасау процесіне
- C) уақытты қысқартуға
- D) шығынды азайтуға
- E) ассортиментті ұлғайтуға

3) Инновациялық жүйе бұл:

- A) барлық инновациялық қызмет тұлғалары және оны ұйымдастырушы факторлар
- B) қызмет түрі
- C) жүйе
- D) кеңістік
- E) кіріс

4) Жаңа техника мен технологияны өндіріске енгізу, ұйымдастыру мен басқарудың жаңа түрлері

- A) инфрақұрылым
- B) инфляция
- C) инновация
- D) дотация
- E) калькуляция

- 5) Толық масштабтық маркетингтік зерттеу жүргізу
- технико-экономикалық негізде жобалау
  - келісім шарт құжаттарын дайындау
  - форитрования инвестиционногосамысла
  - инвестициялық мүмкіндіктерді зерттеу
  - құрылыс монтаждау объектісі
- 6) Тәжірбиелі үлгіні құру, зертханалық сынақтар, қолданыстығы өзірлеу, бұл:
- Тәжірбиелі-конструкторлық жұмыстар;
  - Ізденістік жұмыстар;
  - Жалпы-теоретикалық жұмыстар;
  - Эксперименттік жұмыстар;
  - Экономикалық жұмыстар.
- 7) Қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарына мыналар жатады:
- Ізденістік және эксперименттік зерттеулер;
  - Сұраным мен ұсынысты зерттеу;
  - Маркетингтік зерттеулер;
  - Жалпы теоретикалық жұмыстар;
  - Ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстары;
- 8) Инновацияның нарыққа енгізілуін қалай көрлетіледі?
- Теоретикалық мен сериялар алдындағы өндіріс зерттеулермен;
  - Серияларды шығару алдындағы өндірісімен, қайта жасаумен, өндірістік тәжірбиелермен, сериялық өндірістің басталуымен, сертификациямен;
  - Маркетингтік зерттеулермен;
  - Жаңа өнім прототипінің шығарылуымен;
  - Ұзақ мерзімді келісім жасау.
- 9) Жарнама, меңгеру және сатып алушылардың құрылуы, сатыдан кейінгі сервис, қосымша ұсыныс, персоналды оқыту, бұл:
- Экономикалық есептеулерді орындау үшін негіздер;
  - Өндіріс тиімділігін анықтайтын критерий;
  - Ғылыми зрттеулерді өткізетін инструмент;
  - Нарық кеңейтілуінің инструменті;
  - Өнімнің өмірлік циклінің аяқталуы.

#### 4 Үйымның инновациялық потенциалын анықтау

Инновациялық потенциал — бұл әртүрлі ресурстар түрлерінің жиынтығы, оларға келесілер кіреді: материалдық-өндірістік, қаржылық, интеллектуалдық, ғылыми-техникалық, ұйымдастырушылық және басқа да инновациялық қызметке қажетті болатын ресурстар.

Инновациялық потенциалды бағалау үшін көрсеткіштер жүйесі қолданылады:

- тұтанушылық — халықтың сатып алушылық қабілеттілігін бағалаумен байланысты;
- ресурстық-шикізаттық — шикізаттың негізгі түрлерімен қамтамасыз етілу ерділікті көрсетеді;
- еңбек — еңбек ресурстарының саны мен сапасын көрсететін;
- инновациялық — интеллектуалдық жеке меншіктегі құқықтар ұсынысын көрсетеді;
- қаржылық — қаржылық көздермен байланысты;
- институционалдық — экономиканың инфрақұрылымының дамуын көрсетеді.

Үйымның инновациялық ішкі ортасы бес элементтің жиынтығымен бағаланады. Осы бес элементті блоктарға бөліп бағалай отырып келесідей инновациялық потенциалына талдау жасауға болады. Талдауда 10 баллдық шкала бойынша талдап, үйымның инновацияларды игеру мүмкіндігін анықтауға болады.

Инновациялық потенциал дегеніміз — тұрастай мемлекеттің немесе компанияның, жеке тұлғаның белгілі бір инновациялық жобаны жүзеге асыру мүмкіншілігін деңгейі. Мемлекеттің инновациялық потенциалын көптеген министрліктердің, стратегиялық агенттіктердің, ғылыми институттардың мәліметтері бойынша анықталады.

##### Өнімдік блок

Кәсіпорын мүмкіншілігі Бағасы

- Өндірілетін өнім ассортименті, түрі
- Өндірілетін өнімдердің кәсіпорын инновациялық стратегиясына сәйкестік деңгейі

##### Функционалды блок

Кәсіпорын мүмкіншілігі Бағасы

- Кәсіпорындағы ғылыми-техникалық жұмыс жүргізу деңгейі
- Маркетинг саясаты бойынша дайындылығы
- Сауда коммерциялық мүмкіншіліктері
- Патенттік-құқықтық сұрақтармен қамтылу деңгейі

- 5) Жаңа өнімге сұраныс деңгейін анықтау
- 6) Инновациялық өнімнен түсетін эффектті бағалау

**Ресурстық блок**

Кәсіпорын мүмкіншілігі Бағасы

- 1) Құрал – жабдықтардың техникалық деңгейі
- 2) Тәжірибе-конструкторлы, эксперименттік құралдармен, приборлармен қамтылу деңгейі
- 3) Кәсіпорынның осы сала бойынша бұрынғы ғылыми зерттеулері

4) Иновациялық жобаның ақпаратпен қамтылуы

5) Мамандар мен жұмысшылар саны

6) Персоналдың интеллект деңгейі

7) Кәсіпорынның қаржы мүмкіншілігі

8) Компанияның шикізат қоры

**Ұйымдастырушылық блогы**

Кәсіпорын мүмкіншілігі Бағасы

1) Ұйым құрылымының инновациялық жобаны жүзеге асыруға сәйкестігі

2) Персоналды үйрету шараларын ұйымдастыру мүмкіншілігі

3) Ұйымдағы инновациялық климат деңгейі

**Басқару блогы**

Кәсіпорын мүмкіншілігі Бағасы

1) Басқарушылардың инновациялық өзгерістерге көзқарасы

2) Персоналды ынталандыру әдістері

**Бақылау сұрақтары:**

- 1) Инновациялық потенциал дегеніміз не?
- 2) Инновациялық потенциалды бағалау әдістері қандай?
- 3) Ұйымның ішкі ортасын қанша блокқа бөлеміз?

**Тақырыпты қайталауға арналған тест сұрақтары**

1) Инновациялық қызметтің дамуын қолдайтын немесе оны бәсеңдететін нақты әлеуметтік-экономикалық, ұйымдық-құқықтық және саяси орта:

- A) Нарықтық сектор;
  - B) Кәсіпкерлік орта;
  - C) Инновациялық орта;
  - D) Бизнес орта;
  - E) Салықтық саясат.
- 2) Инновациялық орта:
- A) Инновациялық жобаларды;

II) Маркетингтік зерттеулерді;

C) Ғылыми жобалардың комплексін;

D) Сыртқы орта мен ішкі ортаны;

E) Инновацияны қаржыландыратын көздер.

3) Ұйымға тікелей қатысы бар белсенді субъектілер мен күштердің жиынтығы және олардың ұзақ мерзімдік серіктесті қатынастарын қалыптастыру мен оларды қолдау мүмкіншіліктеріне әсер етеді:

A) Ішкі орта;

B) Сыртқы орта;

C) Индикативті саясат;

D) Сатып алушылар;

E) Кәсіпкерлер.

4) Ішкі ортаға қамтитын элементтер:

A) Басқарушылар мен мемлекет;

B) Оңдірістік орта, басқарушылық орта, қызметтің экономикалық іс-жіздері;

C) Тұтынушылар мен жабдықтаушылар;

D) Инновациялық қорлар;

E) Банкілер мен биржалар.

5) Инновациялық жобаларды қаржыландыруға жетіспейтін қаражат, материалдық-техникалық базаның әлсіздігі, резервтік қабілеттердің жоқтығы, бұл:

A) Инновацияның дамуына жағдай жасайтын факторлар;

B) Бәсеке қабілеттілігін жоғарлататын инструмент;

C) Инновацияны ұстайтын факторлар;

D) Кәсіпкерлікті ынталандыратын факторлар;

E) Инновациялық қызметке кедергі жасайтын факторлар.

6) Қаржы, материалдық және техникалық құралдар резервінің болуы, прогрессивті технологияның және ғылыми-техникалық инфрақұрылымның болуы, бұл:

A) Инновациялық қызметке жағдай жасайтын факторлар;

B) Бәсеке қабілеттілігін жоғарлататын инструмент;

C) Инновацияны ұстайтын факторлар;

D) Кәсіпкерлікті ынталандыратын факторлар;

E) Инновациялық қызметке кедергі жасайтын факторлар.

7) Инновацияның дамуына жанама әсер ететін шаруашылық субъектілер мен қозғаушы күш жиынтығы, бұл:

A) Ішкі орта;

B) Сыртқы орта;

C) Индикативті саясат;

- D) Сатып алушылар;  
E) Концернлер.
- 8) Өнімнің тұтынушылары мен жабдықтаушылары, бәсекелестер мен делдалдар. бұл:
- A) Сыртқы микроортаның элементтері;  
B) Ішкі микроортаның элементтері;  
C) Ішкі ортаның элементтері;  
D) Қаржылық тұрақтылықты анықтайтын элементтер;  
E) Фирманың бәсекелік қабілеттілігін анықтайтын факторлар.
- 9) Саяси, демографиялық, табиғи, ресурстық, әлеуметті-мәдени және басқа факторлар, бұл:
- A) Сыртқы микроортаның элементтері;  
B) Ішкі микроортаның элементтері;  
C) Ішкі ортаның элементтері;  
D) Қаржылық тұрақтылықты анықтайтын элементтер;  
E) Фирманың бәсекелік қабілеттілігін анықтайтын факторлар.
- 10) Кәсіпорынның жұмысына тікелей әсер ететін факторлар (заңдар, жабдықтаушылар және т.б.), бұл:
- A) Жанама әсер ететін факторлар;  
B) Ішкі ортаның элементтері;  
C) Мемлекеттің несие-ақша саясаты;  
D) Тікелей әсер ететін факторлар;  
E) Мемлекеттің фискалдық саясаты.
- 11) Фирманың қызметіне тікелей әсер етпейтін факторлар:
- A) Жанама әсер ететін факторлар;  
B) Ішкі ортаның элементтері;  
C) Мемлекеттің несие-ақша саясаты;  
D) Тікелей әсер ететін факторлар;  
E) Мемлекеттің фискалдық саясаты.
- 12) Мемлекет тарапынан қаржыландырылатын кәсіпорындар мен қаржыландырылмайтын кәсіпорындардың жағдайларын қарастыратын экспертиза түрі
- A) жазбаша түрде көрсету тәсілі;  
B) салыстырмалы экспертиза;  
C) “дейінгі” және “кейінгі” кезеңдегі жағдайларды салыстыру;  
D) жобалар критериілері;  
E) экологиялық экспертиза;

## А      Инновациялық жобаларды басқару және инновациялардың экономикалық тиімділігін бағалау

Инновациялық жоба – ғылымның және техниканың дамуының приоритеттік бағыттарының нақты мақсаттары мен міндеттеріне жетуге бағытталған, өзара шарттасқан, өзара байланысқан жүйе.

Инновациялық жобалардың келесідей түрлері болады.

а) ғылыми-техникалық мағынадағы деңгейге байланысты:

1) модернизациялық – прототиптің конструкциясы немесе бастапқы технология түбімен өзгермейді (автомобильдегі жаңа двигателді құру);

2) новаторлық – жаңа бұйымның конструкциясы өзінің элементтерінің түрлері бойынша алдыңғысынан онша ерекшелінбейді;

3) аса шығарылымдар – жаңа бұйымның конструкциясы алдында саналмай қолданылмайтын техникалық шешімдерге негізделген;

4) инноверлік – алдында болмаған материалдарды, конструкцияларды, технологияларды құру, онда алдыңғы сияқты жаңа функцияларды орындау қажет;

б) шешімнің міндеттердің масштабына байланысты:

1) моножобалар – тек қана бір бұйыммен немесе қандай да бір кәсіпмен ғана орындалады;

2) мультижобалар – көпшілік бағдарламалар түрінде ұсынылған, олардың шешімін жүзеге асыруда инновациялық мақсаттарға жетуге бағытталған, ондағы моножобалар біріктірілген;

3) мегажобалар – көпмақсаттық кешендік бағдарламалар, оларда бір-бірінше мақсаттармен байланысты болатын, бірқатар мультижобалар мен жүзеге асырылған моножобалар біріктіріледі.

Әрбір жоба, оның орындалуы үшін қажетті болатын, жұмыс жүзеге асырылуы және көлеміне тәуелсіз, өзінің даму жолында келесідей кезеңдерден өтеді:

а) «жобаның инвестицияалды фазасы» – инвестицияалды зерттеулер мен жобаны жоспарлау кезеңінен бастап құжаттарды әзірлеу және жобаны жүзеге асыруға дайындау кезеңіне дейінгі кезең. Инвестицияларды зерттеулерге келесілер жатады:

1) бағдарламаларды зерттеу;

2) жобаны жүзеге асырудың шарттарын талдау;

3) инвестицияларды жоба алдык негіздемесі;

4) жобаны жүзеге асыру орынын таңдау;

5) жобаның экологиялық негіздемесі.

Құжаттамаларды әзірлеуге келесілер жатады:

1) жобаның – ізденушілік жұмыстар жоспары;

2) ТЭН техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу (бизнес-жоспар);

3) ТЭН бекіту және оны келістіру;

4) жобаландыруға тапсырмалар алу;

5) инвестицияландыру туралы шекті шешімді қабылдау;

6) «Жобаның инвестициялық фазасы»:

1) сауда-саттықты өткізу және келісімшарттарды жасау:

- құралдарды жабыдықтау туралы келісім шарт;

- мердігерлік жұмыстар туралы келісім шарт.

2) жобаны жүзеге асыру:

- жоспарды әзірлеу;

- жұмыстарды орындау кестелері;

- мониторинг және бақылау;

- жоспарларды түзету.

3) жобаны аяқтау:

- бастауды жөндеу жұмыстары;

- объектіні шығару;

- өндірістің дамуы, эксплуатациясы және жөндеуі келісілген инновациялық жобалар мен іс-шаралар кешені;

Инновациялық жобаның негізгі құрамдас бөлімдері төмендегідей болады:

- мәселенің өзектілігін дәлелдейтін кіріспе;

- маркетингтік зерттеулер нәтижесінде құрылған жоба;

- жобаның мақсаттар бұтағы бойынша жүзеге асырылатын

шаралар;

- жобаның кешенді негізделуі;

- жобаның жүзеге асырылуын қамтамасыз ету негізі;

- жоба бойынша эксперттердің қорытындысы;

- жобаны жүргізу механизмі.

Сонымен қатар инновациялық жобаларды жүзеге асырмас бұрын тиімсіздік тәуекелін де қарастырған жөн.

Мысалы, қаржылық жоспарды құру кезінде міндетті түрде мынадай пункттер қаралуы тиіс:

- кенеттен пайда болған мемлекеттік экономикалық тұрақсыздық нәтижесінде жобаның жолда тоқтатылуы;

- салық тәуекелі;

- бәсекелестердің әсерінен жобаның аяқталмай қалу тәуекелі.

Тәжірибе жүзінде бірнеше инновациялық жобалардың экономикалық тиімділігін салыстыру, анықтау барысында мынадай принциптер жасалынады:

- ұқсас жобалардың орта жылдық рентабельділігін банктік

орташа ставкамен салыстырады;

- инфляциялық қауіп қатерінен болатын жоғатуларын елестетеді;

- инвестициялардың ақталу мерзімін салыстыру;

- инвестициялардың түсу тұрақтылығын салыстыру;

- инвестицияға деген сұранысын салыстыру.

Инновациялық жобаны іріктеу әдістері.

Коммерциялық ұсынысты және инновациялық идея мен жобаны экономикалық экспертизадан өткізу.

Инновациялық жобаны бастамас бұрын оның экономикалық рентабельдігін бағалаған жөн.

**Бақылау сұрақтары:**

1) Инновациялық жоба дегеніміз не?

2) Инновациялық жобаның экономикалық тиімділігін бағалайтын қандай әдістер бар?

3) Инновациялық жобалардың тәуекел дегеніміз қалай?

**Тақырыптың қайталануға арналған тест сұрақтары**

1) Конструкторлық прототип немесе базалық технология сәйкесінше түбегейлі өзгермейтін жоба:

A) Пионерлік;

B) Фиачерлік;

C) Модернизациялық;

D) Жаңашылдық;

E) Онықтық.

2) Жаңа бұйым конструкциясы оның алдындағыдан негізгі түрде айырмашылығы бар жоба:

A) Пионерлік;

B) Фиачерлік;

C) Модернизациялық;

D) Жаңашылдық;

E) Онықтық.

3) Конструкторлық шешімдерге және технологияға негізделген және бұрын ешқайда қолданылмаған жоба:

A) Пионерлік;

B) Фиачерлік;

C) Модернизациялық;

D) Жаңашылдық;

E) Онықтық.

4) Қазіргі кезде бар технологиялар негізінде жаңа функциялар

орындайтын бұйымдар мен жана материалдар құруды көрсететін жоба:

- A) Пионерлік;
  - B) Фьючерлік;
  - C) Модернизациялық;
  - D) Жаңашылдық;
  - E) Озықтық
- 5) Бір ғана ұйыммен немесе фирманың құрылымдық бөлімшесімен орындалатын жоба:
- A) Мегажобалар;
  - B) Моножобалар;
  - C) Мультижобалар;
  - D) Мегажобалар мен мультижобалар;
  - E) Мемлекеттік бағдарламалар.
- 6) Ондаған моножобаларды қосатын және күрделі инновациялық мақсатқа жетуге бағытталған кешенді бағдарлама түрінде көрсетілетін жоба:
- A) Мегажобалар;
  - B) Моножобалар;
  - C) Мультижобалар;
  - D) Мегажобалар мен мультижобалар;
  - E) Мемлекеттік бағдарламалар.
- 7) Көптеген мультижобаларды және жүздеген моножобаларды қосатын, бір мақсат ағымымен байланысқан көпмақсатты кешенді бағдарлама:
- A) Мегажобалар;
  - B) Моножобалар;
  - C) Мультижобалар;
  - D) Мегажобалар мен мультижобалар;
  - E) Мемлекеттік бағдарламалар.
- 8) Инновациялық жобаның инвестиция алдындағы зерттеулер негізіне қамтиды:
- A) Бизнес-жоспардың құрылуы мен жобалық-ізденістік жоспардың жұмысын;
  - B) Жобалық-ізденістік жұмыстар;
  - C) Болжамның меңгеру, жобаның жүзеге асырылу шарттарын талдау, инвестициялардың жоба алдындағы негізделу, жобаның жүзеге асырылатын орнын таңдау, экологиялық негізделу;
  - D) Жабдықтаушылар мен сатып алушылар арасындағы келісім-шарттың жасалуы;
  - E) Инвесторлармен келісім-шарттың жасалуы.

## 6 Инновациялық процесстің кез келген деңгейінде инновациялық қылымтты басқару әдістері

Қазіргі заманғы теорияда «ұлттық инновациялық жүйе — бұл ұлттық шекара шегінде ғылыми білімдер мен технологияны өндірістік және коммерциялық жүзеге асыруымен айналыстағын өзара байланысты ұйымдар (құрылымдар) жиынтығы (шағын және ірі компаниялар, университеттер, мемлекеттік зертханалар, технопарктер және инкубаторлар). ҰИЖ басқа да маңызды бөлігі — бұл ғылыми және инженерлік құрылымдардың өзара байланысын қамтамасыз ететін және мақсатты ұлттық тиымрлары, дәстүрлері, саяси және мәдени ерекшеліктері бар болатын құқықтық, қаржылық және әлеуметтік сипаттағы институттар кешені» [12].

Дамудың инновациялық тиінің көздері мен алдыңғы қатарлы субъектілерінің салыстырмалы талдауы келесідей қортындылар жасауға көмектеседі:

— америкалық жүйеде — бұл ұлттық инновациялық жүйенің элементтерінің толық жинағы, олардың араларында тиімді мәлімет ұйымдаспалыған;

— жапондық және неміс жүйелерінде әлсіз ролді венчурлық компаниялар ойында (себебі олар қор нарығының агенттері және барфандық жүйенің өнімдері), ал көшбасшылар болып ангел инвесторларға, электроникадағы және ақпараттық жүйелердегі компаниялар кешендерлер болады;

— норвегиялық және ирландық жүйелерде ұлттық инновациялық жүйелер трансұлттық корпорациялардың технологияларының трансфертінің үрдісінде құрылған (елдің ішінде ғылыми бағытталған өндіріс кадрларды қарату арқылы негіздеу) немесе сырттан ұлттық ғылыми — зерттеу ұйымдары мен университеттерге беру. Оның нәтижесінде, мысалы, Норвегия платформалар жасайтын өндіріс субсекторын компанияларын өсірген, IT— технологиялардың ішкіне объективті құрған, олар мұнайгаз алу мен скважиналар мен барлаушы мониторингпен байланысты болады;

— алтай, мексикалық жүйелері индустриалды парктер негізінде өндірістің инфрақұрылымдарды құру жолында жүрген, ал қазір бұның негізінде инновациялық фабрика болуға тырысады, себебі жобаларды жүзеге асыру үшін шикті эмпирикалық базасы бар және қосымша инновациялар шегінде олар жеке инновациялық жүйе бола алады.

FC A — функционалды-күндык әдіс 1947 жылы «Дженерал Электрик» компаниясында пайдаланылған.

FC A әдісі бірнеше кезеңнен тұрады:

- дайындық;
- ақпараттық;
- аналитикалық;
- зерттеу және ізденіс;
- рекомендациялық және ұсыну;
- енгізу және жүзеге асыру .

Бенчмаркинг әдісі

Бенчмаркинг «benchmark» деген ағылшын сөзінің орыс немесе қазақ тіліне тікелей аудармасы жоқ, бірақ ол тұрақты бір объектінің көрсеткіші, мысалы жер бетінің теңіз деңгейінің биіктігін көрсететін бағанадағы көрсеткіш.

Ал экономикалық ілімдерде Бенчмаркинг дегеніміз -- ең күшті үлгі болатын конкурент компанияларды іздестіру, олардың қызметін зерттеу, үйрену нәтижесінде жана инновациялық өнім ойлап табу қызметтерінің жиынтығы.

Бенчмаркинг ең алғаш рет 1972 жылы АҚШ — тын Стратегиялық зерттеулер институтында пайдаланылды.

Қазіргі күнгі бенчмаркинг әдісі түрленіп көптеген салаларда пайдаланылады. Бенчмаркинг эволюциясы:

- реинжиниринг немесе өнімді ретроспективті талдау;
- бәсекелестік қабілеттілікті арттырушы бенчмаркинг;
- стратегиялық бенчмаркинг;
- глобалды бенчмаркинг;

Бенчмаркинг әдісін үш деңгейде енгізуге болады:

Микродеңгейде — кез келген кәсіпорынның конкуренттік позициясын күшейту үшін пайдаланады;

Мезодеңгейде — белгілі бір саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатымен;

Макродеңгейде - мемлекеттің отандық кәсіпкерлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру саясатына әсер ету.

QFD — тұтынушылардың пікірін сұрыптау және FMEA өндіріс дефекттерін жою әдісі.

QFD — тұтынушылардың қажеттіліктерін ескере отырып өнімге өзгеріс енгізу әдісі. Ол әдіс алғаш рет 1972 жылы «Митсубиси» (Mitsubishi) компаниясында пайдаланған. С 1977 жылы бұл әдіс «Тойота» (Toyota) компаниясында табысты қолданылды. Ал 1988 жылы Германия мемлекетінің фирмаларында пайдаланыла бастады.

QFD - әдісі бірнеше кезең арқылы жүзеге асырылады:

1) Тұтынушылардың қажеттіліктері мен идеялары туралы ақпаратты жинастыру;

2) Осы ақпаратты «техникалық тілге» келтіру;

3) Тұтынушы қажеттіліктерінің өнім сапасына қарағанда күшті және әлсіз жақтарын қарастыру;

4) Өнім өзгертілгеннен кейінгі рыноктағы позицияны алдын ала бағалау;

5) Рыноқтағы сатып алушылар сегментін анықтау;

6) Қажетті өзгерістерді енгізу;

7) Ондіріске енгізу

FMEA — өнім дефекттерін жою әдісі мынадай қызметтер арқылы жүзеге асырылады:

• дефекттерді жүйелі түрде тіркеп отыру;

• мүмкін болатын дефекттерді алдын ала бағалау;

• өнім жасау технологияның техникалық құжаттарын мұхият тәсілдерін отыру;

• дефекттерді жою үшін жеке қорды қалыптастыру;

FMEA — әдіс қандай да себептерге байланысты пайдаланылуы мүмкін:

• кәсіпорын өндіріс жаңы өнім өндіру процессін игеру жобасы жүзеге асыру барысында;

• өнер кәсіпорын бұрын пайдалану тәжірибесі болмаған технология пайдалануды қолдаса;

• өнімге жаңы конструкциялар немесе бөлшектер енгізілсе;

• өнім өндіруге бұрынғында белгісіз болған келген материалдар қолданылмайтын деп жатса т.б.

Бақылау сұрақтары

1) Инновациялық өнім шығару үшін қандай әдістерді бағыстануға болады?

2) Инновациялық өнім дегеніміз не?

3) FMEA — әдісінің мазмұны қандай?

4) Бенчмаркинг дегеніміз не?

5) QFD — тұтынушылардың пікірін сұрыптау қандай әдіс?

Сөздік

Төмендегіні қайталауға арналған тест сұрақтары:

1) Инновациялық жобаның өткізуі мемлекет және жергілікті бюджет үшін қаржылық салдары,бұл:

А) Халық шаруашылық тиімділігі;

В) Бюджеттік тиімділігі;

С) Әлеуметтік тиімділігі;

- D) Коммерциялық тиімділігі;  
 E) Айқынсыз тиімділігі.
- 2) Инновациялық жобаның тиімді баға критерилері Қайда өндіріледі:  
 A) Мемлекеттік министрстволары мен ведомстволарында;  
 B) Экономика департаментінде;  
 C) Барлық кәсіпорындар үшін критерилер бірдей;  
 D) Әрбір кәсіпорын үшін бөлек;  
 E) Салықтық полициясымен
- 3) Апробацилері, жетілдірілген және «төрегейлік» инвестициялар өнекәсіптік өткізуге жеткізген мақсатында ғылыми ойларды қарастырылуымен жұмыспен айналысатын және оларды жаңа технологиялармен бұйымдарға айналдыру.  
 A) Инвестициялық қорлар;  
 B) Банктер мен биржалар;  
 C) Лизингтік компаниялар;  
 D) Брокерлік фирмалар;  
 E) Венчурлік ұйымдар.
- 4) Вечурлік бизнестегі инвестициялар немен сипатталады:  
 A) Жоғары тәуекел дәрежесімен;  
 B) Табыстың жоғары деңгейімен;  
 C) Тұрақты пайдамен;  
 D) Өз-өзін ақтау кезеңінің қысқа мерзімімен;  
 E) Жойылуының жоғары болуымен.
- 5) «Венчур» құрамына келесілер енеді:  
 A) Шетел инвестициялары;  
 B) Коммерциялық ой, қоғамдық қажеттіліктер, кәсіпкер, тәуекел капитал;  
 C) Мемлекеттің жыл сайынғы дотациялары;  
 D) Банктердің пайызсыз несиелері;  
 E) Қызметкерлердің квалификациясын жоғарлату бағытталған шығындар.
- 6) Жоғары технологияларды дамыту үшін университет территориясында орналасқан кешен:  
 A) Технополис;  
 B) Ғылыми парк;  
 C) Технопарк;  
 D) Инновациялық орта;  
 E) Бизнес-инкубатор.
- 7) Құрамында ірі кәсіпорындар мен олардың зерттеу лабораторияларды, университеттері мен зерттеу институттары, жаңа жоғары және т.б. бар қалалық инфрақұрылым:

- A) Технополис;  
 B) Ғылыми парк;  
 C) Технопарк;  
 D) Инновациялық орта;  
 E) Бизнес-инкубатор.
- 8) Жоғары міншікке негізделген инициатива бойынша кәсіпорындарға жоғары оқу орнына жақын жоғары дәрежедегі орындар беріледі, бұл:  
 A) Технополис;  
 B) Ғылыми парк;  
 C) Технопарк;  
 D) Инновациялық орта;  
 E) Бизнес-инкубатор.
- 9) Иңгалы фирмаларға консалтингтік қызмет көрсететін және өнімнің жаңа технологиялық процесстердің жаңа түрлерін өңдеуге көмектесетін ұйым:  
 A) Технополис;  
 B) Ғылыми парк;  
 C) Технопарк;  
 D) Инновациялық орта;  
 E) Бизнес-инкубатор.
- 10) Инновациялық қызметпен, ғылыми зерттеулермен және өндірістермен айналысатын ғылыми ұйымдар жиынтығы:  
 A) Венчурлік ұйымдар;  
 B) Инновациялық менеджменттің ұйымдық құрылымы;  
 C) Европалық сестор;  
 D) Лизингтік компания;  
 E) Сколдон.
- 11) Ғылыми жұмыспен кәсіпқой түрде айналысатын және қажетті бағыттағы бар маман:  
 A) Ғылыми жұмыскер;  
 B) Брокер;  
 C) Манер;  
 D) Менеджер;  
 E) Экономист.



## 7 Инновациялық стратегиялар

Инновациялық стратегия — кез келген кәсіпорынның ғылыми-техникалық және инновациялық өнімдер өндіруді басқару, ұйымдастыру, жоспарлау саясаты, принциптері жиынтығы және рыноктағы позициясын айқындаушы стратегиясы. Инновациялық стратегия мемлекеттік деңгейде жеке өндіріс саласы бойынша және кәсіпорын деңгейінде жүзеге асырылады.

Инновациялық стратегия мемлекеттік деңгейде қарастыратын болсақ ол мемлекеттің осы саладағы саясатымен тікелей ұштасып оны толықтырып отыруы керек. Өндіріс саласы бойынша да осы саланың даму стратегиясының бір бөлімі ретінде немесе регионды дамыту саясатының қосымшасы ретінде жүзеге асырылады. Ал жеке кәсіпорын деңгейінде ол компанияның дамыту стратегиясының белгілі бір негізгі бөлігі ретінде қарастырылады. Негізінде компаниялардың кең пайдаланатын, тәжірибе жүзінде мынадай инновациялық стратегия түрлері бар: шабуылдаушы инновациялық стратегиясы — ол негізінде пионер компаниялардың стратегиясы, оны ірі инновациялық мысалы «Microsoft», «Nokia» сияқты немесе шағын инновациялық фирмалар пайдаланады; қорғанушы инновациялық стратегия — пионер компаниялардың инновациялық шабуылына мүдірмей жауап бере алатын бәсекелес рынокта негізгі позицияларға ие инновациялық емес компаниялар пайдаланады. Мысалы «Sony», «Ford» т.б.; имитациялық инновациялық стратегия оны рыноктағы позициясы өте күшті массалық өндіріспен ерекшелінетін компаниялар пайдаланады. Олар өз беттерінше ешқандай инновациялар жасамайды бірақ пионер компаниялардың инновацияларын көшіріп модификациялап, рынокқа шығарады. Мысалы «LG» «Beneton» және т.б.

Инновациялық стратегия мемлекеттік деңгейде жеке өндіріс саласы бойынша және кәсіпорын деңгейінде жүзеге асырылады. Инновациялық стратегия мемлекеттік деңгейде қарастыратын болсақ ол мемлекеттің осы саладағы саясатымен тікелей ұштасып, оны толықтырып отыруы керек.

Өндіріс саласы бойынша да осы саланың даму стратегиясының бір бөлімі ретінде немесе регионды даму саясатының қосымшасы ретінде жүзеге асырылады. Ал жеке кәсіпорын деңгейінде ол компанияның дамыту стратегиясының белгілі бір негізгі бөлігі ретінде қарастырылады. Негізінде компаниялардың кең пайдаланатын, тәжірибе жүзінде мынадай инновациялық стратегия түрлері бар:

Шабуылдаушы инновациялық стратегиясы — ол негізінде пионер компаниялардың стратегиясы, оны ірі инновациялық мысалы «Microsoft», «Nokia» сияқты немесе шағын инновациялық фирмалар пайдаланады. Қорғанушы инновациялық стратегия — пионер компаниялардың инновациялық шабуылына мүдірмей жауап бере алатын бәсекелес рынокта негізгі позицияларға ие инновациялық емес компаниялар пайдаланады.

Мысалы «Sony», «Ford» т.б. Имитациялық инновациялық стратегия оны рыноктағы позициясы өте күшті массалық өндіріспен ерекшелінетін компаниялар пайдаланады. Олар өз беттерінше ешқандай инновациялар жасамайды бірақ пионер компаниялардың инновацияларын көшіріп модификациялап рынокқа шығарады. Мысалы «LG» «Beneton» және т.б.

Инновациялық стратегия мемлекеттік деңгейде жеке өндіріс саласы бойынша және кәсіпорын деңгейінде жүзеге асырылады. Инновациялық стратегия мемлекеттік деңгейде қарастыратын болсақ ол мемлекеттің осы саладағы саясатымен тікелей ұштасып оны толықтырып отыруы керек.

Өндіріс саласы бойынша да осы саланың даму стратегиясының бір бөлімі ретінде немесе регионды дамыту саясатының қосымшасы ретінде жүзеге асырылады. Ал жеке кәсіпорын деңгейінде ол компанияның дамыту стратегиясының белгілі бір негізгі бөлігі ретінде қарастырылады. Негізінде компаниялардың кең пайдаланатын, тәжірибе жүзінде мынадай инновациялық стратегия түрлері бар:

Шабуылдаушы инновациялық стратегиясы — ол негізінде пионер компаниялардың стратегиясы, оны ірі инновациялық мысалы «Microsoft», «Nokia» сияқты немесе шағын инновациялық фирмалар пайдаланады.

Қорғанушы инновациялық стратегия — пионер компаниялардың инновациялық шабуылына мүдірмей жауап бере алатын бәсекелес рынокта негізгі позицияларға ие инновациялық емес компаниялар пайдаланады.

Мысалы «Sony», «Ford» т.б. Имитациялық инновациялық стратегия оны рыноктағы позициясы өте күшті массалық өндіріспен ерекшелінетін компаниялар пайдаланады.

Олар өз беттерінше ешқандай инновациялар жасамайды бірақ пионер компаниялардың инновацияларын көшіріп, модификациялап рынокқа шығарады. Мысалы «LG» «Beneton» және т.б.

Инновациялық стратегияны таңдау.

Практика жүзінде кең пайдаланылатын мынадай инновациялық стратегия түрлері инновациялық стратегиялары бар:

1) Виоленттік инновациялық іс әрекет - күштілер стратегиясы ірі және стандартты өндірісте қызмет етуші компанияларға тән массалық өндіріс, жоғарғы сапа негізінде дамиды. Девизи «арзан бірақ қомақты» мысалы «Тойота», «Шевроле», «Сименс».

Виоленттік күш стратегиясы — рынокта массалық өндіріспен айналысатын ірі фирмалар көптеген шағын фирмалармен салыстырғанда біршама артықшылыққа ие. Мәселен, ірі компаниялардың қаржы, еңбек, шикізат т.б. ресурстық мүмкіншілігі зор болғандықтан, олар масштабты инновациялық жобаларды тиімді жүзеге асыра алады. Бұл компаниялар рынокта бәсеке күші мен инновациялық алдыңғы позицияға ие болғандықтан, оларды виолент күш стратегиясын қолданушылар деп атайды. Виоленттер әдетте ірі көлемді, көптеген филиалдары мен бөлімшелері бар ассортименті кең және массалық өнім өндіруші болып келеді. Инновациялық өнімдері әдетте рыноктағы өнімнің модификация мен жақсарту қасиетімен ерекшеленіп, халыққа тиімді бағамен сатылатын массалық өнім қатарына жатады.

2) Пациенттік стратегиясы Белгілі бір тұтынушыларға арнап өндіретін компаниялар, олар өздерінің жоғарғы сапалы және қымбат өнімдерін қарапайым өнімдерді қанағат етпейтін тұтынушыларға арнап шығарады.

Олардың девизи «Қымбат бірақ жақсы». мысалы «Cray Reserch» суперкомпьютер жасап шығаратын инновациялық компаниясы.

3) Эксплеренттік стратегия — пионер инновациялық компанияларға тән. Олардың мақсаты инновациялық өнімді рынокқа бірінші болып шығарып, пайда түсіру. Олардың девизи «Жақсы және арзан, егер сәтті болса». Эксплерент компаниялар әдетте ірі болып келеді, олардың өз ғылыми — техникалық зерттеу бөлімдері болады және инновациялық процесстерге көп қаржы жұмсайды. Инновациялық өнімді әдетте массалық өндіріске шығарып, масштабты эффектсінен пайда табады.

4. Коммутантты стратегиясы белгілі бір масштабта ғана жұмыс атқаратын, белгілі бір тұтынушылар үшін стратегиясын өзгертуге мүмкіндігі бар шағын компаниялар. Олардың девизи «Тек сіздің ғана мәселенізді шешкенім үшін көбірек төлейсіз», мысалы «МакДональдс».

Коммутанттар әдетте, виоленттер мен пациент компанияларды бос рыноктарды қамтиды. Бұл компаниялар инновациялық салада пионерлік позицияға шыға бермейді, көбінесе виоленттер мен пациенттердің инновациялық өнімдерін имитациялау мен модификациялап рынокқа шығарумен айналысады.

Инновациялық салада әрекет етуші қызметшілерді түрлі деңгейде жіктеуге болады. Кез келген кәсіпорынның инновациялық процестерінде қызмет етуші тұлғаларды былайша жіктеуге болады: Авторпренерлер, инновациялық идеяның генераторлары, ақпарат өлестірушілер т.б.

Авторпренер дегеніміз — инновациялық жобаны басқарушы фигура.

Ол өз немесе басқарудың инновациялық идеясын өндіріске өлестіруге қатынастан энергиясы мол менеджер.

«Интрапренер» — ұйымдағы ішкі ортаның инновациялық қызығушылықтарын, жақсартушы, инновациялық ынталандыруды қолдайтын басқарушы тұлға. Бұл әдетте ғылыми техникалық зерттеу бөлімінің немесе инновациялық идеяларды жинақтау бөлімінің басшысы.

«Инновация генераторы» — инновациялық идеялардың генераторы. Бұлар әдетте дарынды ғылымдар, мамандар, бақылаушылар.

«Сөркерлер» (Деловые ангелы) — Инновациялық проектті қаржыландырушы және тұлғалар. Олардың кредиттері арзан болады.

«Алтын жылқылар» — жоғары маманданған дарынды ғылым қызығушылар, олар өз инновациялық идеяларын өндіріске енгізуге қатынастан, жеке қолданыстан шұғылданды немесе ірі корпорацияларды қызмет еттеді.

### Инновация сұрақтары:

1) Инновациялық стратегияның дәстүрлі стратегиялардан айырмашылығы қандай?

2) Виоленттер, пациенттер, эксплеренттер және коммутанттар стратегиясының негізгі белгілері.

3) Инновациялық салада әрекет етуші қызметшілерді атаңдар

### Тазартуға қабілетті арналған тест сұрақтары:

1) Нарықта массалық өндіріспен айналысатын ірі фирмалар инновациялық салада қандай стратегиялармен айналысады? Олардың инновациялық қызмет атқарушы мүмкіншіліктері артық стратегия ол:

А) коммутанттар стратегиясы;

Б) эксплеренттік стратегиясы;

С) виоленттер стратегиясы;

Д) инновациялық стратегиясы;

Е) пациенттер стратегиясы.

2) Антрепренер деген ол -

- A) инновациялық жобаны басқарушы фигура;
- B) ғалым;
- C) инновациялық жобаның авторы;
- D) инновациялық жобаны қаржыландырушы;
- E) кеңесші.

3) Алтын жағалылар дегеніміз -

A) кәсіпкерлік қабілетке ие жоғары маманданған ғалымдар мен мамандар;

- B) инновациялық жобаны басқарушы фигура;
- C) ғалым;
- D) инновациялық идеяның авторы;
- E) инновациялық жобаны қаржыландырушы.

4) «Идеялардың генераторы» ол:

A) аз уақыт ішінде көптеген тиімді инновациялық идеялар ойлап табушы тұлға;

- B) инновациялық жобаны қаржыландырушы тұлға;
- C) инновациялық жобаны басқарушы негізгі тұлға;
- D) ұйымның ішкі және сыртқы ортасына қатысты мәселелерді

шешуші қызметкер;

E) кәсіпкерлік қабілетке ие жоғары маманданған ғалымдар мен мамандар, конструкторлар.

5) «Іскер періштелер» дегеніміз:

- A) инновациялық жобаны қаржыландырушы тұлға;
- B) инновациялық басқарушы негізгі тұлға;
- C) ұйымның ішкі және сыртқы ортасына қатысты мәселелерді

шешуші қызметкер;

D) кәсіпкерлік қабілетке ие жоғары маманданған ғалымдар мен мамандар;

E) артық ақшалай қаражаттарын тәуекелі жоғары, жаңа венчурлық, инновациялық жобаларға салатын жеке тұлғалар.

6) Ұйымдағы ішкі ортаның инновациялық климаты жақсартушы, инновациялық ынталандыруды жоғарылатушы және басқарушы тұлға:

- A) антропренер;
- B) ғалым;
- C) интропренер;
- D) инновациялық жобаны қаржыландырушы;
- E) кеңесші

7) Ғылыми өңдеу мен зерттеу болып қай ұйымның негізгі қызметі болып табылады:

A) Банк;

B) С.А.В.Т.П.Д.А.Р.У. компаниясы;

C) Шіркеу;

D) Ғылыми ұйым;

E) Трест

8) Мемлекетпен толық немесе бөлігін қаржыландырылатын, өзін-өзі қаржыландыру димутын қамтамасыздандыратын министрстволар мен ұйымдар және табыссыз ұйымдар қайда кіреді:

A) Мемлекеттік сектор;

B) Жетарилу секторы;

C) Кәсіпорндік сектор;

D) Банктік мекеме секторы;

E) С.А.В.Т.П.Д.А.Р.У. фирмалар секторы.

9) Жетарилу оқуға қатынамет ететін университеттер, институттар, ұйымдар қайда кіреді:

A) Мемлекеттік сектор;

B) Жетарилу секторы;

C) Кәсіпорндік сектор;

D) Банктік мекеме секторы;

E) С.А.В.Т.П.Д.А.Р.У. фирмалар секторы.

10) Ғылыми, құқық және қатынамет көрсету өндірісімен байланысты мемлекет қатынаметі болатын ұйымдар мен кәсіпорындар қай секторға кіреді:

A) Мемлекеттік сектор;

B) Жетарилу секторы;

C) Кәсіпорндік сектор;

D) Банктік мекеме секторы;

E) С.А.В.Т.П.Д.А.Р.У. фирмалар секторы.

11) Ғылыми арналардың бірлескі қолданылуы, децентрализация және арналардың инновация қабілетінің қатысуы, үкіметтің икемділігі қайда қолданылады:

A) Диффузиялық ұйым құрылымында;

B) Матрицалық ұйым құрылымында;

C) Көпбөлімді ұйым құрылымында;

D) Тік ұйым құрылымында;

E) Орталық-ақпараттық ұйым құрылымында.

12) Тік ұйым құрылымында;

13) Орталық-ақпараттық ұйым құрылымында.

## 8 Инновациялық қызмет нәтижесін құқықпен қамту

Интеллектуалды меншік — инновациялық жобалар нәтижесін кәсіпорындардың иелену құқы. Инновациялық кәсіпкерліктің нәтижесінде белгілі бір инновациялық өнім алынады. Ол өнім инновациялық қызметтің яғни интеллектуалды еңбектің нәтижесі болғандықтан, интеллектуалды меншік болып саналады және ол заңды түрде құқықпен қорғалады.

Интеллектуалды меншік объектілерін екіге бөлеміз:

- авторлық құқықтың объектілері: ғылым шығармашылығы ЭВМ программалары, жинақтамалар; әдеби шығармашылық әдебиет, оқулықтар,

- сценарилер; өнер шығармашылығы музыка, кино, бейнелеу өнері;

- өндіріс меншігінің объектілері: өндіріс сызбалары; пайдалы модельдер; тауар белгілері, аталуы; ноу-хау.

Интеллектуалды меншіктің дүниежүзілік ұйымы (ИМДҰ) - бұл 16 арнайы ұйымдарының бірі болып табылады. ИМДҰ құрушы конвенция 1967 жылы шығарылып, 1970 жылы күшіне енген болатын. Бірақ бұл ұйымның қызметі 1883 жылғы өндірістік меншікті қорғау туралы Париж конвенциясының қалыптасуымен басталған болатын. ИМДҰ негізгі қызметі мыналар:

- тіркеу қызметі;

- интеллектуалды меншікті басқаруда халықаралық бірлестікке көмек беру;

- бағдарламашы қызметі.

Инновациялық кәсіпкерліктің нәтижесінде белгілі бір инновациялық өнім алынады. Ол өнім инновациялық қызметтің яғни интеллектуалды еңбектің нәтижесі болғандықтан интеллектуалды меншік болып саналады және ол заңды түрде құқықпен қорғалады. Интеллектуалды меншік объектілерін үшке бөлеміз:

1) Авторлық құқықтың объектілері :

- Ғылым шығармашылығы (ЭВМ программалары жинақтамалар)

- Әдеби шығармашылық (әдебиет, оқулықтар, сценарилер)

- Өнер шығармашылығы ( музыка, кино, бейнелеу өнері)

2) Өндіріс меншігінің объектілері

- Шығармашылық

- Өндіріс сызбалары

- Пайдалы моделдер

- Товар белгілері, аталуы

- Ноу-хау

3) Арнайы құқық объектілері

Технологиялар трансферті – құқық иесінен инновациялық объектілеріне және шет елдерде патенттелген инновацияларды пайдалану құқықтарын беру процесі.

Әдетте, бұл процесс мемлекет ішінде және халықаралық технология ағысу рыноктарында жүзеге асырылады. Ол көбінше патент иесі және ноу- хау сату-сатып алу арқылы жүргізіледі

Ноу-хау Оңдірісті ұйымдестыруға қажетті техникалық, технологиялық, қаржылық және коммерциялық дәрістер мен білімдер жиынтығы. Ол оңдірістік тәжірибе, дағды, теориялар мен инновациялар туратын болғандықтан патенттелмейді. Бірақ ноу-хау патент, тауар белгі және авторлық құқық сияқты кәсіпорынның меншігіне жатады. Ноу-хау әдетте техникалық құжаттар, персоналды ұйырту және маркетингтің көлім оңдіріске қатысу арқылы беріледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық патенттік жүйесінің құрылуы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қарамағында Ұлттық патенттік ведомство туралы» Қазақстан Республикасында Президентінің № 1006 Жарлығына қол қойылған құрылу және 1994 жылғы 23 маусымнан бастап алады. Ұлттық патенттік жүйені құру үшін негізгі шарттары республиканың ғылыми-технология потенциалына байланысты бақтап калу және қорғау, өнеркәсіптік меншік саласындағы әрқилікті нарықтық қатынастарды құру, олардың өнертақыштардың шығармашылығын демеу болып табылады.

Бірлігі кезде мемлекеттік басқару органы — Қазақстан Республикасының Әкімет министрінің Зияткерлік меншік құқығы мен өнертақыш және ұйымы — «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РҚПБ-ті қолтаңбаны өзі денгелді құрылым болып табылады.

Бірлігі кезде Қазақстандағы инновациялық үдерістердің қолдауы үшін байланысты қорғау құжаттарын беру мерзімін өнертақышты өнертақыш қажеттілігі туындан отыр. Бірқатар елдердің патенттік объектінің өнімдердің сараптамасын өткізуді жеделдету қызметін қолдау мерзімін ұшартуға әкен соғатынын көрсетті, ол өнімнің техникалық прогресске объектінің өндіріске мейлінше ерте қолдану және өнертақыштарды патент алуға қолдауға түседі.

Интеллектуалды құқықтары

1) Интеллектуалды меншік түсінігі

2) Интеллектуалды меншіктің құқық ретінде мазмұны мен қорғалуы

3) Инновациялық қызмет пен интеллектуалды еңбек нәтижелерін құқық ретінде жіктеу; пайдалы модельдер, идеялар товарлық белгілер, ноу-хау т.б.

### Сөздік

Интеллектуалды меншік – инновациялық жобалар нәтижесін кәсіпорындардың иелену құқы.

Технологиялар трансферті - құқық иесінен инновациялық субъектілеріне және шет елдерде патенттелген инновацияларды пайдалану құқықтарын беру процесі. Әдетте бұл процесс мемлекет ішінде және халықаралық технология алмасу рыноктарында жүзеге асырылады. Ол көбінше лицензия және ноу-хау сату-сатып алу арқылы жүргізіледі.

Ноу-хау – ғылыми мәліметтер, техникалық, өндірістік-техникалық басқарушылық білімдерінің жиынтығы.

Өндірісті ұйымдастыру - бұл кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызмет-теріндегі объективті экономикалық заңдардың әрекеті мен көрінісін зерттейтін ғылым. Өндірісті ұйымдастыру - өндіріс тиімділігін көтеру және пайданы кебейту мақсатында өндірістің еңбек және заттық элементтерін біріктіру нысаны мен тәртібін қамтамасыз ететін ережелердің, үдерістердің және әрекеттердің жиынтығы.

Инновациялық кәсіпкерлік – инновациялық қызметтің коммерциялық мақсат үшін жүзеге асырылуы.

Авторлық құқық – бұл әдебиет, музыка, бейнелеу өнері авторларына заңмен берілген қорғаудың нысаны.

### Тақырыпты қайталауға арналған тест сұрақтары:

1. «Ноу-хау»-ға құқықтарды беру лицензиялық келісіммен рәсімделеді.

Онда \_\_\_\_\_ лицензиялар қолданылады.

- A) таза
- B) толық
- C) бірге жүретін (сопутствующие)
- D) карапайым
- E) ерекше

2. «Ноу-хау»-дың құтынушылық нысаны келесіде тұрады:

- A) келданымдылығында, кепілділігінде
- B) жетілдіруінде, бағалылығында
- C) пайдалылығында, мазмұнының құпиялылығында
- D) басымдылығы және жақсартуында
- E) адаптациялау және қамтамасыз етілуінде

3. Жобалау, құрылыс және жөндеу жұмыстарындағы инновациялық білімі мен тәжірибе, мүмкіндіктері, НИОКР нәтижелері және т.б.

A) ноу-хау

B) облыстару

C) лицензия

D) инновация

E) өндірістік инновациялық жоба

4. Лицензияның бүкіл мерзімі бойынша қолдануға берілген ерекше құқық.

A) толық лицензия

B) карапайым лицензия

C) тереңге лицензия

D) бірге жүретін (сопутствующие)

E) облыстық

5. Инновациялық жобалар нәтижесін кәсіпорындардың иелену құқы.

A) инновациялық меншік элементі

B) интеллектуалды меншік

C) инновациялық стратегия

D) патент

E) интеллектуалды меншік

6. Инновациялық қызмет субъектілеріне ғылыми, өндірістік, құқық және өндіріс қорғау, қаржылық, маркетингтік және өзге де қызмет

құқықтарды қамтамасыз ететін заңнамалық құқық.

A) инновациялық саясат

B) инновациялық стратегия

C) инновациялық инкубатор

D) инновациялық қызмет

E) интеллектуалды меншік

## 9 Шағын инновациялық бизнес ерекшелігі, түрлері

Инновациялық ортадағы шағын кәсіпкерлік өнеркәсібі дамыған елдердегі нарықтық инновациялық потенциалдың массивтілігі бойынша және динамикалылығы бойынша ең бірінші болып келетін құрылымдық бөлімі [10].

Шағын инновациялық кәсіпорындардың күнті жолдарына келесілер жатады:

- инновациялық циклдің ұзақтығын қысқартуға бағытталған басқарушылық шешімді оперативті қабылдау;
- қосымша шығындардың төмен деңгейі, ол өнеркәсіп түрі және персоналды контакттің нәтижесінде болады;
- кәсіпорында минималды басқарушылық иерархия түрінде ұйымдастыруда бюрократиялық процедуралардың болмауы.

Шағын инновациялық бизнес инновациялық саладағы маңызды қозғаушы күштердің бірі. Шағын инновациялық бизнес күнті күні бүкіл дамыған мемлекеттердің экономикасының өсуіне қолдау сума әкеліп отыр, өйткені бизнестің бұл түрі көптеген артықшылықтармен ерекшеленеді.

Шағын инновациялық компаниялар тәуекелдер өте жақын, сондықтан оларда венчурлық компаниялар да өте атақана. Шағын инновациялық бизнеске мынадай ерекше қасиеттер бар:

Шағын инновациялық бизнес кез келген сала бойынша зерттеу жұмыстарын жасауға лайықты;

Ірі компаниялардың инновациялық жобаларын игеруге қаржылық мүмшіліктері көп болса да, күрделі басқару пирамидасының кедергілерінен инновациялық процесс өте баяу өтеледі;

шағын инновациялық компаниялардың басқару құрылымы күрделі болмауы себебінен олар рынок өнімдерінің тез іскемделіп, бейімделе алады;

инновациялық процесс тезірек жылжытады;

шағын инновациялық жоғарғы технологиялық компанияның өмір циклін белгілі бір кезеңдерге бөледі. Өйткені осы кезеңдерге байланысты венчурлық қаржыландырудың сомасы, уақыты анықталуы тиіс классикалық түрде шағын инновациялық компанияның өмір циклі мынадай кезеңдерден тұрады:

-инвестиция салынғанға дейінгі;

-инвестициялық;

- постинвестициялық кезең деп бөледі.

Инвестиция салынғанға дейінгі кезеңде мынадай қызметтер

атқарылады: жоба идеясының пайда болуы; потенциалды инвесторларды іздестіру; алғашқы бизнес — жоспарды әзірлеу. Инвестициялық кезеңде мынадай қызметтер атқарылады: инвестицияның бастапқы сомасын алу өнім моделін және маркетинг бағдарламасын жасау; өнімді рынокқа шығару және инвестиция бойынша пайданы бөлу. Постинвестициялық кезең инвестициялық қаржыландыру мерзімінің аяқталуы енді инновациялық компания мен инвестор әрі қарай бизнестің дамуы бойынша шешім қабылдайды.

Шағын кәсіпорындарда инновациялық процесстердің қалыптасу және жүзеге асу сатылары.

Шағын инновациялық бизнестердің ең маңызды мәселесі — бұл шағын фирмалардағы инновациялық жобаларды қаржыландыру болып табылады.

Жоғарыда айтқанымыздай шағын инновациялық бизнестердің деңгейінде әрбір 10 жобаның 1-2-уі ғана жетістікке жетеді. Сонымен қоса инновациялық жобаларды енгізуде пайда өте жоғары, олар бастапқы кеткен шығындардың орнын толтырады. Егер мұндай жобалар көп болса, үлкен сандар заңы бойынша тәуекелдік төмендейді және инновациялық бизнестің жетістікке жету ықтималдығы жоғарлайды. Инновациялық бизнестің дамуымен байланысты барлық дамыған елдерде венчурлық қаржыландыру, инновациялық жобаларды орталықтандыратын және диверсификация негізінде енгізуді ұйымдастыру кеңінен қолданылады.

Тәуекелдік қаржылар банктік және өнеркәсіптік компаниялардан өзгешелейтін келесі ерекшеліктермен сипатталады:

- техникалық және коммерциялық апробациялары болмайтын жобаларды өткізу барысында жоғары тәуекелділік;

- шағын инновациялық фирмалардың сақтандыру капитал көлемі жай шағын фирмалардан қарағанда көбірек;

- тәуекелдік капитал шағын фирманың жарғылық капиталына несие ретінде не пайлық жарна ретінде болады;

- жана фирманың жетістігіндегі тәуекелдік капиталға жеке қызығушылық жоғары.

Өндірісі дамыған елдерде шағын инновациялық бизнес 2 жолмен қаржыландырылады:

- венчурлық қаржыландыру;

- біріншілік ұсынылатын акциялар арқылы.

Бұл саладағы ең маңызды субъект — венчурлық қорлар болып табылады. Венчурлық қорлар арнайы инновациялық бизнесті қаржыландыру мақсатында құрылады және олар тек қана венчурлық операциялармен, сонымен қатар эксперттік-кеңес, менеджмент және

маркетингке алмасады.

Венчурлық қаржыландырудың келесі түрі – ірі корпорациялардың қорлары.

Ірі кәсіпорындар инновациялық жобаларды қаржыландыруды үш әдіспен жүзеге асырады:

- инновациялық жобаларды жүзеге асыратын өмірі құрған шағын фирмаларды тікелей қаржыландыру;

- бірнеше корпорация ретінде құрылған фирмалар арқылы қаржыландыру;

- венчурлық қордың капиталына корпорацияның пайдалы қатысуы арқылы

Шағын инновациялық кәсіпорындардың басым бөлігін инвестициялық компаниялар қаржыландырады. Олар мемлекеттің қатысуымен құрылады.

Салықтық және қаржылық жеңілдіктерге, шағын фирмаларға берілетін несие бойынша мемлекеттік кепілге ие. Шағын инновациялық мемлекет субсидиялайтын капиталын қаржыландырады.

Сонымен қатар инновациялық фирмаларды біріншілік акцияларды ұсыну нарығында биржалық және биржадан тыс қаржыланады. Бағалы қағаз нарығы арқылы қаржыландыру ірі фирмаларда жүзеге асады. Ал шағын инновациялық фирмалар бағалы қағаздан тыс нарықтық қаржыланады.

Бағалы қағаз нарығында акциялар, бағалы қағаздар комиссиясының рұқсаты бойынша жіберіледі, ал бұл үрдіс шағын фирмалар үшін қымбатқа түседі.

Шағын инновациялық бизесте инновациялық процесстің жүргізілуі де кейбір ерекшеліктерге ие. Шағын инновациялық қаржыландырудың екі түрі бар біріншісі венчурлық қаржыландыру, екіншісі бірінші ретті биржада акцияларды сағу арқылы.

Инновациялық қызметті қаржыландыру көздеріне мыналар жатады:

- инновациялық қызмет субъектілерінің өз қаражаты;
- бюджет қаражаты;
- инновациялық қорлардың қаражаты;
- мемлекеттік нақтылы гранттар;
- Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес өзге де көздер жүзеге асырылады.

Сондай — ақ шетелдік тәжірибе көрсететіндей инновациялық саладағы шағын және орта кәсіпкерлік - өнеркәсіпті дамыған елдердің инновациялық әлеуетінің алғашқы бұқаралық және неғұрлым серпінді

құрылым. Шағын және орта инновациялық фирмалар экономиканың пайда болатын салаларында, рыноктың жаңа сегменттерін ашатын, жаңа өндірісті дамытатын, өндірістің ғылыми сыйымдылығын және бәсекеге қабілетін арттыратын және сонымен, жаңа технологиялық тәртіпті қалыптастыруға жәрдемдесетін технологиялық көшбасшылар болып табылады.

Шағын инновациялық кәсіпорындарды дамыту мен қолдаудың пәрменді тетіктерінің бірі бизнес-инкубация процессі болып табылады, яғни табыстың мүмкіндігін айқындау әлі күрделі, оларды дамытудың әлі ерте, қауіпті кезеңінде инновациялық жобаларға қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ технологиялық компанияларды жедел дамыту үшін процесс. Инновациялық бизнестегі алып гигант компаниялармен салыстырғанда шағын инновациялық бизнеске басқа, арнайы менеджмент қажет. Шағын инновациялық компаниялардың ірі жобаларды игеру мүмкіншілігі кем болғанымен, олар инновациялық процесстердің алғашқы кезеңдерін өте тиімді атқарады.

Шағын инновациялық компанияда инновациялық процесс мынадай төрт кезеңнен тұрады

1 кезең Алғашқы капиталдың қалыптасуы өзіндік капитал қарыз Жауапкершілігі шектелген серіктестік — Шағын инновациялық компания тәуекел капиталы

2 кезең Өндіріске дайындық

3 кезең Өндірістік кезең

Қосымша зерттеулер инновациялық жобаның эскиздерін жасау

Рынокты маркетингтік зерттеу

Өнімнің модельдерін жасау

Жарнама арқылы тұтынушылар контингентін анықтау

Технологияны құрастыру, орнату

Рынокты жаулап алу

Акция шығаруға дайындық

4 кезең Акциялар эмиссиясы

Акционерлік қоғам акциялар құнды қағаздар рыногы

#### **Бақылау сұрақтары:**

- 1) Шағын инновациялық бизнестің ерекшеліктері қандай?
- 2) Қазақстан Республикасындағы шағын инновациялық бизнестің қазіргі күнгі даму деңгейі қандай?

#### **Тақырыпты қайталауға арналған тест сұрақтары**

- 1) Ғылыми прогрессивті технологияның және өнімді қайта жасау мен тануды жүзеге асыратын инновациялық кәсіпкерліктің

субъектілері:

- A) венчурлық фирмалар
- B) құрастырушылық фирмалар
- C) ғылыми-техникалық орталар
- D) бизнес-инкубаторлар
- E) технопарктер

2) Жоғарғы коммерциялық потенциалға ие жаңа технологиялық қайта жасауларды қаржыландырудың ерекше нысаны

- A) венчурлік бизнес
- B) инвестициялық бизнес
- C) венчурлық капитал
- D) инновациялар инвестициясы
- E) тәуекелді капитал

3) Шағын инновацияның мынадай этаптардан тұратын өмір циклі болады:

- A) инновацияға дейін, инвестициялық, постинвестициялық
- B) өнім-инновация, процесс-инновация, ұйымдық инновация
- C) ғылыми техникалық және технологиялық
- D) әлеуметтік, экономикалық, экспленттік, коммутантық
- E) виоленттік, пациенттік, экспленттік, коммутантық

4) Инновациялық қызметте пайдаланылатын венчурлық қаржыландыру деген ұғымға анықтама беріңіз

A) жаңа пайда болған шағын инновациялық кәсіпорынның акционерлік капиталын қалыптастыратын немесе бұрыннан белгілі венчурлі компанияның капиталына айналатын қаржы құралы

B) инновациялық өнімнің рынокта тұтынушылар мен өндірушілер арасында

түрлі коммуникациялық арналар арқылы таратылу процесі

C) интеллектуалды еңбек нәтижесі ретінде нарыққа тіпті жаңа немесе жаңартылған технология түрінде шығарылағын жаңалық

D) ол ғылыми саясаттың бір бөлімі

E) кәсіпкерлік қабілетке ие жоғары маманданған ғалымдар мен мамандар

5) Кәсіпорынның дамуының жаңа жолдарын іздестіруді қарастыратын, өсуді басқару концепциясы туралы айтуға болатын, қызмет түрі кәсіпкерлік болып табылады.

- A) инновациялық
- B) прогрессивті
- C) өнімдік
- D) тиімді
- E) венчурлық

6) Жаңа өнім өндіруге, жаңа өндірістік технологияларды жасауға немесе бизнесті ұйымдастыру және дамытудың жаңа нысандарын енгізуге ұмтылатын тұлға:

- A) кәсіпкер
- B) өндіруші
- C) ойлап шығарушы
- D) менеджер
- E) құратырушы-инженер

7) Кәсіпкерді жаңалықтар мен жаңалықтарды енгізу арасындағы байланыстырушы тұлға ретінде қарастырған ғалым:

- A) Й. Шумпетер;
- B) М. Маслоу;
- C) К. Маркс;
- D) Ф. Тейлор;
- E) М. Х. Мескон;

8) Инновациялық қызметтің дамуын қамтамасыз ететін немесе кедергілер тугызатын қалыптасып қалған әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-құқықтық және саяси орта:

- A) ұйымдық құрылым;
- B) инновациялық кәсіпкерлік орта;
- C) ұйымдық және өндірістік құрылым;
- D) инновациялық өндірістік орта;
- E) нарықты зеттеуші тұлға;

9) Инновацияның продуценті дегеніміз кім

- A) берілген инновацияны өндіруші тұлға;
- B) нарықты зеттеуші тұлға;
- C) инновациялық маркетинг;
- D) салық салуды реттейтін мекеме;
- E) оқу мекемесі

10) Инновацияны жүзеге асыру процесінде болатын ғылыми-техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық өзгерістердің жиынтығы

- A) инновациялық цикл;
- B) инновация диффузиясы;
- C) инновациялық процесс;
- D) инновациялық бағдарлама;
- E) инжиниринг;

11) Ғылыми жаңалықтарды ашуда, жаңа түсініктердің түсініктемесін беруде, жаңа теорияларды тұжырымдайтын зерттеулер

- A) ізденістік зерттеулер;
- B) қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары;



- С) теориялық зерттеулер;  
 D) тәжірбиелі-конструкторлық жұмыстар;  
 E) жобалық-конструкторлық жұмыстар
- 12) Қазіргі уақыттағы ғылымның мемлекеттік басқару органы -  
 A) салық органы;  
 B) жоғарғы оқу орындары;  
 C) ҚР-ның ғылыми-техникалық институты;  
 D) ҚР-ның білім және ғылым министрлігі;  
 E) инжиниринг;
- 13) Инновациялық қызметтің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін ұйымдар (инновациялық –технологиялық орталықтар, технологиялық инкубаторлар, технопарктер және басқада арнайы дайындалынған ұйымдар)  
 A) инновациялық қызмет;  
 B) инновациялық инфрақұрылым;  
 C) инновациялық потенциал;  
 D) мемлекеттік ұйымдар;  
 E) жеке пайдасыз ұйым
- 14) Кәсіпкерді жаңалықтар мен жаңалықтарды енгізу арасындағы байланыстырушы тұлға ретінде қарастырған ғалым:  
 A) Й. Шумпетер;  
 B) М. Маслоу;  
 C) К. Маркс;  
 D) Ф. Тейлор;  
 E) М. Х. Мескон;
- 15) Инновациялық қызметтің дамуын қамтамасыз ететін немесе кедергілер туғызатын қалыптасып қалған әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-құқықтық және саяси орта:  
 A) ұйымдық құрылым;  
 B) инновациялық кәсіпкерлік орта;  
 C) ұйымдық және өндірістік құрылым;  
 D) инновациялық өндірістік орта;  
 E) нарықты зеттеуші тұлға;
- 16) Инновацияның продуценті дегеніміз кім  
 A) берілген инновацияны өндіруші тұлға;  
 B) нарықты зеттеуші тұлға;  
 C) инновациялық маркетинг;  
 D) салық салуды реттейтін мекеме;  
 E) оқу мекемесі;
- 17) Инновацияны жүзеге асыру процесінде болатын ғылыми-техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық өзгерістердің

## жиынтығы

- A) инновациялық цикл;  
 B) инновация диффузиясы;  
 C) инновациялық процесс;  
 D) инновациялық бағдарлама;  
 E) инжиниринг;
- 18) Ғылыми жаңалықтарды ашуда, жаңа түсініктердің түсініктемесін беруде, жаңа теорияларды тұжырымдайтын зерттеулер  
 A) ізденістік зерттеулер;  
 B) қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары;  
 C) теориялық зерттеулер;  
 D) тәжірбиелі-конструкторлық жұмыстар;  
 E) жобалық-конструкторлық жұмыстар;
- 19) Қазіргі уақыттағы ғылымның мемлекеттік басқару органы -  
 A) салық органы;  
 B) жоғарғы оқу орындары;  
 C) ҚР-ның ғылыми-техникалық институты;  
 D) ҚР-ның білім және ғылым министрлігі;  
 E) инжиниринг;
- 20) Инновациялық қызметтің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін ұйымдар (инновациялық –технологиялық орталықтар, технологиялық инкубаторлар, технопарктер және басқада арнайы дайындалынған ұйымдар)  
 A) инновациялық қызмет;  
 B) инновациялық инфрақұрылым;  
 C) инновациялық потенциал;  
 D) мемлекеттік ұйымдар;  
 E) жеке пайдасыз ұйым

## 10 Венчурлы каржыландыру

Венчурлық каржыландыру дамыған елдердегі ұлттық инновациялық жүйелердің қызмет етуінің маңызды механизмдерінің бірі болып табылады. Ол жеке қаражаттары жоқ дарынды энтузиасттарға өздерінің нақты нарыққа бейімделген идеяларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Венчурлық механизм есептеуіш техника, өнеркәсіптік өндірістің автоматизациясы, биотехнология және т.б. саласындағы көптеген ірі инновацияларды жетілдіруде маңызды рольді атқарды. Бұл жобаларды каржыландыру белгісіздік пен тәуекелділіктің өте жоғары дәрежесімен қабысылған. Мұндай компаниялар «венчур» («venture» — тәуекел, кәсіпорын/әрекет, үміт, оқиға) терминімен сипатталады.

«Венчур» - ағылшынның «venture» тәуекелді кәсіпорын немесе бастама дегенді білдіреді. Венчурлік капитал жеке бизнесті каржыландырудың баламалы нысаны ретінде АҚШ-та 50 — жылдардың ортасында пайда болды.

Еуропаға ол тек 70-жылдардың соңында ғана келді. Венчурлік капитал пайда болғанға дейін әлемде шағын және орта бизнесті каржыландыруды банктік капитал, ірі корпорациялар мен компаниялар және аukatты адамдар, яғни «бизнес періштелерінің» каржыландыруы арқылы жүзеге асырылған.

Венчурлік бизнестің отаны — Силикон аңғары. 1957 жылы Артур Рок инвестициялық банкте істеп жүрген кезінде Shoreley Semiconductors

Laboratories компаниясының инженері Юджин Клейнерден хат алады.

Клейнер жаңа кремний транзисторын шығару идеясын колдайтын фирма іздеп жүрген болатын. Кездесуден кейін Артур Рок Клейнердің жобасына қажет 1,5 млн. долларды каржыландыруға инвестор тауып беруге келісті.

Алайда Артур жолыққан 35 корпоративтік инвесторлар ұсынысқа қызығушылық танытқанымен каржыландыруға келіспеді. Соң кезде Рокка

Шерман Фэрчайлдқа жолығуға кеңес берді. Ш.Фэрчайлд — өнертапқыш және жаңа компанияларды каржыландыру жөнінде тәжірибесі бар еді. Ол каржыландырган 1,5 млн. доллар нәтижесінде Силикон аңғарындағы барлық жартылай өткізгіштер шығаратын компаниялардың негізі қаланды.

Табысты венчурлік капиталистердің бірі — Cisco Systems компаниясы желілік маршрутизатор және телекоммуникациялық жабдықтар өндірісі жөнінен әлемдік көшбасшылардың бірі. 1987 ж.

Дон Валентин Sequoia Cisco

Systems компаниясының 2.5 млн. доллар тұратын акциялар пакетін сатып алды. 1 жылдан кейін ол 3 млрд доллар болды.

Артур Рок, Франклин Джонсон, Том Паркинс — венчурлік капиталдың негізін қалаушылар. Венчурлік бизнес арқасында АҚШ — та 100 мыңдаған жаңа жұмыс орындары пайда болып, миллиардтаған қосымша табыс әкелінді.

Венчурлік капиталдың қалыптасуы уақыт бойынша компьютерлік технологияның қарқынды дамып, орта американдықтардың қалыптасып, ал ауқатының өсуімен сәйкес келеді.

Қазіргі заманғы компьютерлік бизнестің алыптары Arlee Computers. Compaq Sun Microsystems. Mirisoft. Lotus. Lotus. Intel венчурлік капитал көмегімен осы дәрежеге жетті. Сонымен қатар, персоналды компьютерлер мен биотехнология секілді жаңа салалардың да қарқынды дамуы негізінен капитал пайда пайда болмастан 15 жыл бұрын жеке кәсіпкерлер акционерлік капиталды каржыландыру көздеріне қолы еркін жетпетін. 80 жылдардың ортасынан бастап еуропалық салымшылар тұрақты табысы бар дәстүрлі активтерге аз қаражат салып, акцияларға инвестиция салу мүмкіндігіне қызығушылық танытты.

Еуропадағы венчурлік индустрияның пионері — Ұлыбритания, әлемдегі қуатты қаржылық орталық. 1979 жылы осы елдегі венчурлік инвестициялардың жалпы көлемі 20 млн. фунт болса, 8 жылдан кейін бұл сома 6 млрд. фунтқа жетті. Өткен он жылдықтағы Еуропадағы венчурлік бизнеске 46 млрд фунт шоғырланды және инвестициялаған жеке компаниялар саны 200 мыңға жуық. Еуропаның 20 елінде 500 венчурлік қор мен компания бар.

Бұл каржыландыру шағын инновациялық бизнесті қолдауға дамытуға арналған еді. Қазіргі күні ол жеке венчурлы кәсіпкерлікке айналды. Бұл кәсіпкерлік екі түрлі бизнестің қосындысы: бірі қаржы, екіншісі инновациялық бизнес.

Венчурлы бизнестің негізгі субъектілері мыналар:

- қаржы акцепторлары — венчурлы компаниялар және жаңа бастаушы кәсіпкерлер;
- қаржы донаторлары — жеке тұлғалар, бизнес-періштелер және маманданған қорлар;
- қаржы және ақпарат делдалдары;

Венчур деген сөздің өзі риск яғни тәуекел деген мағынаны білдіреді. Бұл бір жағынан өте тәуекелге жақын, ал бір жағынан жоғары пайдалы кәсіпкерлік дегенді білдіреді. Венчурлы каржыландыру ол ұзақ мерзімді жоғарғы тәуекелді каржыландыру

(яғни 5-7 жылға дейін созылатын). Ол жана пайда болған шағын инновациялық кәсіпорынның акционерлік капиталын қалыптастыратын немесе бұрыннан белгілі венчурлы компанияның капиталына айналатын қаржы құралы.

Венчурлы капитал дегеніміз — инновациялық компанияға тікелей инвестиция салу. Классикалық венчурлы қаржыландыру мынадай қасиеттерімен ерекшеленеді:

- қаржы тікелей акционерлік капиталдың белгілі бір үлесін құрайды;

- инновациялық жобалардың не техникалық, не коммерциялық апробациясы болмайды, анықсыздық факторы жоғары болады;

- шағын инновациялық кәсіпорынға салынатын қаржы кәдімгі дәстүрлі кәсіпорынның старттық капиталынан неғұрлым артық болады;

- ол міндетті түрде күшті тәуекелге байланысты;

- жобадан ұзақ мерзім уақытында пайда түспейді;

- пайда компания акцияларын сатудан түседі;

- «құпталған тәуекел» егер жоба ұтымды болса түскен пайда өте жоғары болады

- инвестордың жеке қызығушылығы негізінде инновациялық жоба тиімділігі өседі.

Жоғарғы технологиялы шағын инновациялық компаниялардың өмір циклдері.

Венчурлы компаниялардың инвестиция салынуына байланысты мынадай түрлері болады:

Seed — «өсіруге арналған компаниялар». Бұл тек идея жүзіндегі бизнес оны инновациялық жоба түріне келтіру үшін, қосымша зерттеулер, тәжірибелер жасауға, моделін құрастыруға белгілі бір қаржы бөлу керек.

Егер инновациялық идея пайда әкелетіндей болса, онда оны әрі қарай қаржыландыруға шешім қабылданады, ал егер ол тиімсіз болатындай болса онда әрі қарай қаржыландырылмайды.

Start-up — «жана ғана пайда болған компания». Бұл компанияда инновациялық процесстің алғашқы этаптары жүзеге асырылған. Бұл компаниялар енді ғана құрылып жатқан, бірақ менеджмент түрінде бар инновациялық процессті әрі қарай жалғастыруға дайын.

Early Stag — «бастапқы кезең». Компания инновациялық процесстің ең соңғы сатысында, яғни инновациялық өнімді нарыққа енгізіп коммерциялық жолға түсуге әзір, бұл компаниялар инновациялық өнімді нарықта табысты сатып, қосымша зерттеулер жүргізуге қаржы алуға дайын.

Expansion — «кеңейу» компаниялар кең түрде инновациялық өнімді сатып пайда табу үстінде, олар жаңа инновациялық жобаға қаржы алғысы келеді.

Шағын инновациялық жоғарғы технологиялық компанияның өмір циклі белгілі бір кезеңдерге бөледі, өйткені осы кезеңдерге байланысты венчурлы қаржыландырудың сомасы, уақыты анықталуы тиіс. Классикалық түрде шағын инновациялық компанияның өмір циклі мынадай кезеңдерден тұрады:

- инвестиция салынғанға дейінгі;

- инвестициялық;

- постинвестициялық;

Инвестиция салынғанға дейінгі кезеңде мынадай қызметтер атқарылады:

- жоба идеясының пайда болуы;

- потенциалды инвесторларды іздестіру;

- алғашқы бизнес-жоспарды әзірлеу;

- инвесторлармен келіс сөзге келу;

- бизнес-жоспардың соңғы нұсқасын даярлау;

- инновациялық жобаны қаржыландыруға қажетті қаржының сомасын, қайтару уақытын, пайданы бөлу туралы мәселелерді шешу.

Инвестициялық кезеңде мынадай қызметтер атқарылады:

- инвестицияның бастапқы сомасын алу;

- ұйымды қалыптастыру жұмыстары;

- өнім моделін жасау;

- маркетинг бағдарламасын жасау;

- өнімді рынокқа шығару;

- инвестиция бойынша пайданы бөлу ;

- қосымша инвестициялар табу;

Постинвестициялық кезең инвестициялық қаржыландыру мерзімінің аяқталуы енді инновациялық компания мен инвестор әрі қарай бизнестің дамуы бойынша шешім қабылдайды.

Компания менеджменті үшін, бұл кезеңде мынадай мәселелерді шешу керек:

- компанияның өз бетімен дамуы, немесе басқа бір ірі компанияға бірігуі;

- қызмет профилін өзгертіп жаңа кәсіпорын қалыптастыру;

Инвестор үшін мынадай мәселелер шешілуі керек:

- түскен пайданы қайта осы компанияға құю;

- қаржыны басқа инновациялық жобаларға бағыттау;

- өз бетінше жаңа инновациялық кәсіпорын қалыптастыру;

Венчурлы капиталдың қайнар көздері

Венчурлік қорлар — венчурлік инвестициялаудың негізгі механизмі болып табылады. Венчурлік инвестициялаудың бастапқы кезеңінде қызметті инновация жасау мен коммерциялауға бағытталған компанияларға жеке, отандық және шетелдік капиталды тарту мемлекеттің тікелей үлестік қатысуымен венчурлік қорларды құрғанда мүмкін болады.

Венчурлық қорға инвестицияланатын мемлекеттік қаржылар осы қоға кіретін жеке инвестициялардың тәуекелдерін төмендетеді. Венчурлық индустрияның қалыптасуымен бастапқы кезеңінде мемлекеттің араласуының осындай үлгісін барлық елдердің өзінің тиімділігін көрсетті.

Венчурлық қорларды құрғанда мемлекеттің қатысуы ҰИҚ — ның инвестициялық саясатының басты бағыттарының бірі — отандық және шетелдік инвестициялармен бірлесе отырып құрылған венчурлік қорлардың капиталындағы үлестік қатысуы (49 % ) арқылы венчурлық қорларды құру болып табылады.

Венчурлық қор — венчурлық инвестициялауды жүзеге асырмақсатында заңды тұлға құру арқылы немесе құрмай-ақ жеке және заңды тұлғалар капиталының шоғырлануын атайды. Венчурлық капитал қайнар көздері ресми және бейресми секторларға бөлінеді.

Ұйымдық-құқықтық серіктес формадағы және бірқатар инновацияларды біріктіретін жеке және мемлекеттік зейнетақы қорларына ресми «венчурлы капитал фирмасының» қаржысы жатады. Бейресми сектордың қатысушылары — венчур капиталдың жеке секторлары. Оларға «бизнес-періштелер» — бизнесте тәжірибесі бар мамандарды жатқызуға болады.

Бейресми инвесторлар өз еңбектерінің арқасында бірқатар қаржылық жинақтарды иеленеді. Көптеген «бизнес-періштелер» тікелей жаңа дамып келе жатқан фирмаларды қаржыландырады. «Бизнес-періштелер» АҚШ-та және көптеген Еуропаның елдерінде, сонымен қатар Оңтүстік Еуропада белсенді жұмыс жасайды. Көптеген технологиялық революциялар венчурлық капиталды қаржыландырудың нәтижесінде болды. Венчурлық капиталды қолдау арқасында көптеген компаниялар аяғынан тік тұрды. Олар: Экспил Компьютер, Компак, Сан Минросистеме, Федерал Экспрес, Майкрософт, Лотус, Интел және Нетскейп.

Венчурлы капитал көптен дамып келе жатқан салаларға қолдау жасап, елдегі халықаралық бәсекелестік қабілетті қамтамасыз етеді. АҚШ венчурлы капиталдық қаржыландыру көлемі бойынша көшбасшы деп айтуға болады.

АҚШ үшін сапаның көп бөлігіне жоғары технологияға,

аппараттақ технологияларға, биотехнологияларға венчурлық капитал көп бөлінген. 2009 жылы инвестициялардың 78 % осы салалар алған. Осындай динамикалық дамудың нәтижесінде 2013 жылы жоғары технологиялардың бөлігі ЖҰӨ — нің 15 % , ал 2015 жылы 20 – 25 % құрады.

Қазақстанда венчурлық капитал енді дамып келе жатыр.

Инновациялық бизнес қатысушының айтуы бойынша ссуда, банктік сақтандыру капиталы, зейнетақы қорлары шағын инновациялық жобалар болып табылады. Әрине, венчурлық қаржыландыруға бағытталған бірқатар жобалар жасалуда.

Бейресми сектор қатарына мынадай институттардың қаржылары жатады:

- Кәсіпкердің жеке қаражаттары;
- Достарының, туыстарының қаражаттары;
- Гранттар;
- Меценаттардың сыйлығы;
- Спонсорлардың қаржысы;
- Бизнес инкубаторлар қаржысы;
- Бизнес періштелердің қаржысы.

Ресми сектордың қаржысын мынадай институттар қалыптастырады:

- Венчурлы капитал;
- Ғылыми-техникалық зерттеу саласындағы инновациялық шағын кәсіпорындарды қолдауға арналған қор қаржысы;
- Инвестициялық қорлар қаржысы;
- Қаржылық емес корпорациялар;
- Өндірістік қаржы топтарының қаржысы;
- Банктер;

#### **Бакылау сұрақтары**

- 1) Венчурлық қаржыландырудың ерекшеліктері қандай?
- 2) Венчурды компанияның өмір циклінің сатыларын атаңдар?
- 3) Венчурлы капиталдың қайнар көздері, қандай?
- 4) Іскер періштелер дегеніміз кімдер?

#### **Тақырыпты қайталауға арналған тест сұрақтары**

1. Венчурлы бизнестегі Seed — «өсіруге арналған компаниялар» дегеніміз

А) ұйымдағы ішкі ортаның инновациялық климатын жақсартушы,

инновациялық ынталандыруды жоғарылатушы және басқарушы

тұлға

В) инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жұмыстарды орындайтын және қызмет көрсететін ұйымдар жиынтығы болып табылады.

С) жоғары технологиялы компанияның өмір циклінің бесінші кезеңі

Д) венчурлік инвестициялауды жүзеге асыру мақсатында заңды тұлға құру арқылы немесе құрмай-ақ жеке және заңды тұлғалар капиталының шоғырлануын атайды.

Е) жоғары технологиялы компанияның өмір циклінің ең алғашқы кезеңі

2. Инновациялық қызметте пайдаланылатын венчурлы қаржыландыру деген ұғымға анықтама беріңіз

А) жаңа пайда болған шағын инновациялық кәсіпорынның акционерлік капиталын қалыптастыратын немесе бұрыннан белігі венчурлы компанияның капиталына айналатын қаржы құралы

В) инновациялық өнімнің рынокта тұтынушылар мен өндірушілер арасында түрлі коммуникациялық арналар арқылы таратылу процесі

С) интеллектуалды еңбек нәтижесі ретінде рынокқа тіпті жаңа немесе жаңартылған өнім және жаңа немесе жаңартылған технология түрінде шығарылған жаңалық

Д) ол ғылыми саясаттың бір бөлімі

Е) кәсіпкерлік қабілетке ие жоғары маманданған ғалымдар мен мамандар

3. Венчурлік бизнесте екі кәсіпкерліктің түрлері бірігеді

А) қаржылық және жеке инновациялық

В) тәуекелді және өндірістік

С) коммерциялық және қаржылық

Д) инновациялық және қаржылық

Е) өндірістік және коммерциялық

4. Венчурлік бизнесте компанияларды даму кезеңіне байланысты мынадай түрлерге бөледі:

А) Seed – «өсіруге арналған компаниялар», Start-up – «жаңа ғана пайда болған компания», Early Stag - «бастапқы кезең», Expansion – «кеңейу»

В) тұрақты, өнімді және өзгермелі

С) ғылыми техникалық және технологиялық

Д) әлеуметтік, экономикалық, экологиялық

Е) виоленттік, пациенттік, экспреленттік, коммутанттық

5. Венчурлы қорлар- . . . . .

А) ұйымдағы ішкі ортаның инновациялық климатын жақсартушы, инновациялық ынталандыруды жоғарылатушы және басқарушы тұлға

В) инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жұмыстарды орындайтын және қызмет көрсететін ұйымдар жиынтығы болып табылады

С) жоғары технологиялы компанияның өмір циклінің бесінші кезеңі.

Д) венчурлік инвестициялауды жүзеге асыру мақсатында заңды тұлға құру арқылы немесе құрмай-ақ жеке және заңды тұлғалар капиталының шоғырлануын атайды;

Е) кез келген кәсіпорынның ғылыми-техникалық және инновациялық өнімдерін өндіруді басқару, ұйымдастыру, жоспарлау саясаты, принциптері жиынтығы

6. Венчурлы қаржыландыру – . . . . .

А) жаңа пайда болған шағын инновациялық кәсіпорынның акционерлік капиталын қалыптастыратын немесе бұрыннан белгілі венчурлы компанияның капиталына айналатын қаржы құралы.

В) инновациялық өнімнің рынокта тұтынушылар мен өндірушілер арасында түрлі коммуникациялық арналар арқылы таратылу процесі. .

С) интеллектуалды еңбек нәтижесі ретінде рынокқа тіпті жаңа немесе жаңартылған өнім және жаңа немесе жаңартылған технология түрінде шығарылатын жаңалық

Д) ол ғылыми техникалық саясаттың бір бөлімі

Е) кәсіпкерлік қабілетке ие жоғары маманданған ғалымдар мен мамандар

## 11 Инновациялық қызметті қолдаудың дүниежүзілік тәжірибесі

Қазіргі заманғы теорияда «ұлттық инновациялық жүйе – бұл ұлттық шекара шегінде ғылыми білімдер мен технологияны өндірістік және коммерциялық жүзеге асыруымен айналыстаың өзара байланысты ұйымдар (құрылымдар) жиынтығы (шағын және ірі компаниялар, университеттер, мемлекеттік зертханалар, технопарктер және инкубаторлар). ҰИЖ басқа да маңызды бөлігі – бұл ғылыми және кәсіпкерлік құрылымдардың өзара байланысын қамтамасыз ететін және мықты ұлттық тамырлары, дәстүрлері, саяси және мәдени ерекшеліктері бар болатын құқықтық, қаржылық және әлеуметтік сипаттағы институттар кешені» [12].

Дамудың инновациялық типінің көздері мен алдыңғы қатарлы субъектілерінің салыстырмалы талдауы келесідей қортындылар жасауға көмектеседі:

– американдық жүйеде – бұл ұлттық инновациялық жүйенің элементтерінің толық жинағы, олардың араларында тиімді мәлімет ұйымдастырылған;

– жапондық және неміс жүйелерінде әлсіз ролді венчурлық компаниялар ойнайды (себебі олар қор нарығының агенттері және қаржылық жүйенің өнімдері), ал көшбасшылар болып автомобиль жасаудағы, электроникадағы және ақпараттық жүйелердегі салалық кластерлер болады;

– норвегиялық және ирландық жүйелерде ұлттық инновациялық жүйелер трансұлттық корпорациялардың технологияларының локализациясы үрдісінде құрылған (елдің ішінде ғылыми бөлімшелерді отандық кадрларды қарату арқылы негіздеу) немесе оларды ұлттық ғылыми-зерттеу ұйымдары мен университеттерге беру. Оның нәтижесінде, мысалы, Норвегия платформалар жасайтын өзінің судоқұрылыс компанияларын өсірген, IT-технологиялардың мықты секторын құрған, олар мұнайгаз алу мен скважиналар мен қорлардың мониторингімен байланысты болады;

– қытай, мексикан жүйелері индустриалды парктер негізінде өндірістік инфрақұрылымдарды құру жолында жүрген, ал қазір бұның негізінде инновациялық фабрика болуға тырысады, себебі жобаларды жүзеге асыру үшін нақты эмпирикалық базасы бар және қосымша инновациялар шегінде олар жеке инновациялық жүйе бола алады.

Қытайда жаңа техника мен жоғары технологияны өндіріске енгізумен 1950 ж. құрылған ҒТИП ғылыми-техникалық индустриалды парктер айналысады. айналысады. Онда технологиялық жетістіктер

коммерциялық және өндірістік өндіріске енгізумен жағынан қарқынды жылдамдықпен игеріледі. ҒТИП қарамағына әр түрлі саладағы ғылыми орталықтар мен кәсіпорындар кіреді. ҒТИП олардың құрылуына жағдай жасайды, ғылыми зерттеулерін жүргізуге көмектеседі, ақпарат және қаржымен қамтамасыз етіп қадағалайды, бір сөзбен айтқанда, кәсіпорынға «қолайлы орта» жасайды.

Ал Корея Республикасының (Оңтүстік Корея) ғылым мен техниканы соңғы 50 жылда өте қарқынды дамыды. Екінші дүниежүзілік соғыстан әлемдегі ең кедей елдердің бірі болып шығып, соғыстан кейінгі зерттеулердің басым бөлігін қорғаныс, ядролық және космостық салаларға бағыттады.

Корея Республикасы ғылыми-техникалық саясатын өткен ғасырдың 60-жылдарының ортасында қолға алды. 1967ж. басты міндеті ғылыми-техникалық саясатты жобалау және жүзеге асыру болып табылатын Ғылым және технология Министрлігі құрылды және Ғылым мен техниканы қолдау туралы Заң қабылдады. Осыдан кейінгі дамуы 5 жылдық кезеңдерге жоспарланған.

Финляндия 1991 жылға дейін экспортының жартысын КСРО-ға жіберетін. КСРО тарап кеткеннен кейін және 90 – жылдардағы экономикалық дағдарыс Финляндия экономикасына да жағымсыз әсер етті. Мысалы, жұмыссыздық деңгейі 1991 ж. 3,5% — дан 1993 ж. 20% — ға дейін өсіп кетті. Осы келеңсіз жағдайдан шығу үшін Финляндия Үкіметі 1991 ж. жаңа экономикалық бағдарлама қабылдады. Оны 59 филиалы бар мемлекеттік қаржылық корпорация, 102 филиалы бар ұлттық қаржылық корпорация, 117 филиалы бар сауда және өндірістік кооперацияның Орталық банкі, шағын инновациялық кәсіпорындарға арналған кредиттерді сақтандыру ұйымдары жүзеге асырады.

Шағын және орта бизнесті қолдаудың жапондық жүйесінің негізгі элементі - ол құқықтық, нормативтік қамтамасыз ету болып табылады. Оған «Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау» туралы Заңнан бастап «Жаңа қызмет түрін енгізуде туындайтын төтенше жағдайлар» туралы Заңға дейін т.б заңдар кешенін қамтиды.

Инновациялық жобаларды мемлекет тарапынан қаржыландыру жолдары. Несие және салық жеңілдіктерін ұсыну әдістері.

Іс жүзінде ғылыми зерттеулер мен инновациялық процесстерді мемлекеттік қолдаудың негізгі кең тараған 3 әдісі бар.

1) Ғылыми зерттеулерге мемлекеттің тікелей қатысуы Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ірі лабораториялар қалыптастыру, нәтижесін ақысыз түрде көпшілікке ұсыну. Әдетте, бұл лабораториялар қорғаныс, энергетика, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы мәселелерін шешумен айналысады.

2) Қайтарымсыз негізде субсидиялар бөлу Мемлекеттік емес лабораторияларда іске асырылатын ғылыми зерттеу жұмыстарына қайтарымсыз негізде мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінеді.

Негізгі қойылатын шарт – зерттеулер барысы бойынша толық есеп беру, алынған нәтижені ашық түрде жариялау.

Ғылыми-техникалық прогресс пен инновациялық жобаларды қаржыландыруға қажетті қор мынадай қайнар көздерден қалыптасады:

- Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржылар;
- Жеке кәсіпкерлердің қаржылары;
- Бизнес-періштелер капиталы;
- Инновациялық және инвестициялық қорлар;
- коммерциялық банктер.

Мемлекеттің инновациялық саясаты. Инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру: инновациялық және венчурлы қорлар, технопарктер, бизнес инкубаторлар.

Қазіргі таңда ел экономикасы дамуының шешуші факторлары ғылым мен инновациялық технологиялар екеніне күннен-күнге көз жеткізіп келеміз.

Бүкіл әлемде озық технология мен техниканы насихаттайтын 1951 ж.

Калифорнияда құрылған дүние жүзіндегі ең алғашқы технопарк -АҚШ-тағы «Силикон аңғарының» пайда болуына негіз болды. Өткен ғасырдың 80- жылдары технопарктер тек АҚШ, Еуропада ғана емес, Канада, Сингапур, Австралия, Бразилия, Индия, Қытай, Жапонияда да құрыла бастады.

Ғылыми-техникалық прогресс пен инновациялар міндетті түрде мемлекеттік қаржыландыру арқасында технопарктер мен бизнес инкубаторларда жүзеге асырылады. Инновациялық және ғылыми-техникалық прогресс негізінде жүзеге асырылатын жобалар кәдімгі кәсіпкерлік жобалар мен қызметтерден айрықша болады. Өйткені, ғылыми- техникалық және инновациялық қызметтер дәстүрлі кәсіпкерлік қызметтен мынадай қасиеттері арқылы ерекшелінеді:

- инновациялық қызметтер өте тәуекелге жақын, өйткені олар бұрын- соңды экономикада өндірілмеген жаңа өнімдерді әкелді;
- ғылыми-техникалық және инновациялық жобаларды кез келген қаржы институттары қаржыландыра алмайды, тек арнайы қорлар мен мемлекеттік бюджет арқылы қаржыландырылады;
- инновациялық және ғылыми техникалық жобаларды инновациялық қорлар, венчурлы қорлар, мемлекеттік ғылыми гранттар арқылы қаржыландырылады;

- бұл жобаның тәуекелге жақын болғаны сондай 10 жобаның 1 ғана табысты болып қалған 9 сәтсіздікке ұшырауы мүмкін, бірақ сол бір табысты жобадан түскен пайда барлық 10 жобаға кеткен шығынды жауып тағы пайда әкеледі.

Қазақстан республикасының инновациялық саясаты Экономикалық ғылымдар және экономикалық даму тәжірибесі көрсеткендей инновациялық дамуда жаңа технологиялар экономиканы тиімді модернизациялауды қамтамасыз етеді. Бұл әсіресе Қ.Р-сы үшін өте маңызды, өйткені 1990 жылдан бастап елімізде технологиялық дағдарыс қалыптасты.

Өндірістің техникалық деңгейі құлдырады, ғылыми өнімдердің шығуы азайды, ғылыми-техникалық потенциалымыз қысқарып кетті, сондай-ақ бұрынғы экономикалық жүйе түгелімін жойылды, еліміз өзінің ішкі сұранысын қамтамасыз ете алмай қалды. Осының салдарынан ЖІӨ көлемі де

1990 жылмен салыстырғанда 1995 жылы 40 % – ға дейін азайды. Ал 1996 жылы ЖІӨ-нің 0,5% – ға өсуімен экономикалық дағдарыс кері бұрылып экономикалық жандану кезеңіне өттік. Осы жылдардағы ЖІӨ көлеміне назар аударсақ тек қана 2003 жылы 1990 жылғы деңгейге жеткен екенбіз. Оны келесі экономикалық дағдарыс пен экономикалық жанданудың Инновациялық қызметке бөлінетін ЖІӨ көлемінің стратегияны жүзеге асырғанда және оны жүзеге асырмағандағы үлесі. (%)

Еліміздегі инновациялық саланы мемлекеттік қолдауды ҚР – ның «Инновациялық қызмет» туралы Заңынан көруімізге болады. Оның негізгі бағыттары келесідей:

Инновацияның басым бағыттарын анықтап, инновациялық бағдарламаларды жасау.

Мемлекеттің инновациялық саясатын жүзеге асыратын қажетті инвестицияны жұмылдыруды ұйымдастыру және жағдай жасау.

Инновациялық инфрақұрылымды құру. Мемлекеттік бюджеттен инновациялық бағдарламалар мен жобаларды мақсатты қаржыландыру

Бәсекеге жарамды өндірісті құруға мемлекеттің араласуы. Мемлекеттік тапсырыспен орындалатын инновацияларды міндетті түрде рынокпен қамтамасыз ету.

Елімізде ғылыми – техникалық инновациялық бағдарламаларды дамыту үшін арнайы даму институттары құрылған. Оның ішінде 3 қаржылық және 2 қызмет к'рсету институттары бар. Алдыңғы уақыттарда экономикалық өсу факторы ретінде посткөнестік елдерде инновация екінші деңгейдегі жоспар болып келді. Бірақ әлемдегі

дамыған елдер тәжірибесі және отандық тәжірибе бойынша тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу инновациялық қызметсіз жүзеге аспайтындығына көз жетті. Міне осы себептен соңғы 3 – 4 жылда инновацияға деген көзқарас өзгерді. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Ұлттық академия ғалымдарымен кездесуінде атап өткендей, «елімізде ұлттық инновациялық жүйе құратын уақыт жетті» деп атап көрсетті.

Инновацияны жүзеге асыру үшін оны мемлекеттік қолдайтын құқықтық актілер, инновациялық қызметтердің іске асуы үшін оны қамтамаасыз ететін қаржылық институттар және оны нақты түрде жүзеге асыратын мекемелер, ҒЗТҚЖ ұйымдарын қалыптастыруымыз керек.

Қ.Р – ның Статистика агенттігі көрсеткендей, негізгі капиталды инвестициялау негізінен шикізаттық салаларға тартылуда. Өйткені шетелдік инвесторлар дайын өнім шығаруға ынталы емес, себебі олар дайын, сапалы өнім шығару арқылы өз елдеріне бәсекелес болуға ұмтылмайды. Оларға керегі біздің шикізатымыз болып отыр. 2000 жылы өнеркәсіп саласында негізгі капиталға тартылған инвестицияның үлесі

Қазақстан экономикасының нарықтық қатынастарға өтпелі кезеңінде экономикада кәсіпкерлік қызмет даму үстінде. Кәсіпкерлік, әсіресе шағын кәсіпкерлік рыноктық жүйеде толық қанды қызмет ету үшін кәсіпорын жаңа технологиялар мен жаңалықтар ашып отыруы керек. Сонда ғана олардың шығарған товарлары мен қызметтері бәсекеқабілетіне ие болады.

Бірақ бүгінде отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметі мардымсыз Өндеуші сала — 14 % Өндіруші сала — 86 % болып, соның салдарынан отандық товарлардың бәсекеқабілеті әлсіз екені белгілі.

Әйтсе де бұл инновациялық жобаларға көптеген қаржы қажеттілігі туындап отыр, ол қаржыларды ЖІӨ — нің құрамынан көп мөлшерде ала алмаймыз, өйткені елімізде бұдан басқа салаларға қаржы сұранысы туындап отыр, әсіресе әлеуметтік салаларға. Сондықтан қаржы тартудың бірден бір көзі инвестиция тартуды ынталандыру болып табылады.

Осы мәселеге байланысты ендігі жерде ішкі және сыртқы инвестициялардың негізгі бөлігін өндеуші салаға құйылуын мемлекеттік және кәсіпкерлік қолдау арқылы ынталандыруымыз керек. Ол үшін ондай салаға салынатын инвестицияларға белгілі дәрежеде қолайлылықтар туғызуымыз қажет. Мысалы, оларға салық жеңілдіктері, пайыз мөлшерлемесінің жоғары болуы және қолайлы инновациялық орта жағдайын айтып өтсем болады.

Оған ақпараттық технология және коммуникация саласындағы әлемдегі озық компаниялар тартылып,

Microsoft, Hewlett Packard, Siemens т.б әлемдік лидерлермен ынтымақтастық жөнінде меморандумдарқа мол бойылды. Ерекше экономикалық зона ретінде АТІ — ның мынандай басты артықшылықтары бар: корпорация салықы екі есеге төмендетіліп, жер және мүлктік салықтан мүлде босатылады.

Елімізде үкімет тарапынан жүргізіліп жатқан инновацияны қолдау саясаты мен нақты іс-шараларқа тоқталатын болсақ:

1-ден, бұл үрдістердің жүруін тездететін құқықтық қамтамасыз ету және экономикалық шараларды жүзеге асыруда бірқатар заң жобалары қабылданды. «Инвестициялық қор» туралы, «Техникалық реттеу», «Қазақстанның инвестициялық қоры», «Сауда қызметі», «Сауда өндірістік палаталар», «Арнайы экономикалық зоналар» № туралы Заңдар қабылданып

#### **Бақылау сұрақтары:**

- 1) Инновациялық саланы мемлекет тарапынан қолдау
- 2) Қазақстанда инновациялық саланы мемлекеттік қолдау мен реттеудің дүниежүзілік тәжірибесі

#### **Сөздік**

Бизнес инкубатор - қайта құрылған шағын кәсіпорындарға жан-жақты ұйымдық, кеңестік, қаржылық және мүлктік қолдауларды іске асыратын мамандандырылған бөлімшелер. Жай кезде бизнес-инкубаторлар бірнеше мың шаршы метр ауданды бір ғимаратта орналастырады, онда қайта құрылған шағын кәсіпорындарға қалыпты төлемге офис, қойма, кейде өндірістік нех және т.с.с. құруға үй-жайлар беріледі. Байланыстың, көшірмелер мен компьютерлік, басқа да қызметтердің біртұтас жүйесі фирманың ортақ шығындарын төмендетеді. Бизнес-инкубаторда жоғары білікті мамандар менеджерлер, маркетингтер, заңгерлер, бухгалтерлер жұмыс істейді, олар кішігірім төлемге бастаушы кәсіпкерлерге қажетті қызметтерді жиі көрсетеді. Бизнес-инкубаторларды құрудың негізгі қолдаушылары аймақтық үкімет болып табылады, оларды аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен жұмыспен қамтудың кеңеюі, жергілікті экономиканың диверсификациялануы және басқалары ойлантады. Әрине, кез келген кәсіпкерге бизнес инкубаторға кіруге мүмкіндік болмайды. Ең алдымен бизнес-инкубаторлардың қызметтері мен көмегі олардың басқарушылары, жергілікті үкімет пен демеушілердің бағасы бойынша қызметтері аймақтың қайта жаңғыруы мен дамуына әрекет ете алатын, нарыққа жаңа тауарлар мен қызметтерді ұсынатын,



техникалық жаңалықтар енгізетін, әлеуетті инвесторлар үшін қызығушылық тудыратын кәсіпкерлерге көрсетіледі.

Технология — адамның еңбек заттарына әсер ететін тәсілдері  
Ғылыми-техникалық прогресс — идеялардың пайда болуынан бастап, олардың коммерциялық негізінде жүзеге асырылуына дейін, жаңалықтар енгізу мақсатымен адамдармен саналы түрде қолданып жандандырылатын инновациялық үдеріс

Жаңалық — белгілі бір саладағы түбегейлі қолданбалы зерттеулер мен ұсыныстардың түпкі нәтижесі.

Мемлекеттік инновациялық саясат — мемлекеттік инновациялық

қызметті дамыту мен ынталандыруға бағытталған құрамдас бөлігі.

Мемлекеттік инновациялық саясат:

1) инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындау және негізінен ғылым мен техника жетістіктеріне сүйеніп әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

2) инновациялық қызметті дамыту мен инновациялық қызмет субъектілерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру;

3) инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау және инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру;

4) экономиканың жаңа жоғары технологиялық секторын қалыптастыру, экспортқа бағдарланған өндірісті жанғырту және құру;

5) инновациялық қызметке шағын және орта бизнес субъектілерін тарту;

6) ғылымның, білімнің, өндірістің және қаржы — кредит саласының өзара ықпалдастығын қамтамасыз ету;

7) инновациялық қызмет саласында халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесу, ұлттық мүдделерді және интеллектуалды меншікті қорғау міндеттерін шешуге бағытталған.

Қаржыландыру — ұлттық шаруашылықты дамытуға, әлеуметтік мәдени шараларға, қорғанысқа және басқа қажеттеге жұмсалатын қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету: кәсіпорындардың, бірлестіктердің меншікті қаражаты, мемлекеттік бюджеттен және басқа көздерден бөлінетін қаржы есебінен жүзеге асырылады.

#### Қайталауға арналған тест сұрақтары:

1. Ғылыми-техникалық прогресс

A) өндіріс факторларының шығындармен салыстырғанда, өндіріс нәтижелерінің үдемелі өсуі

B) табиғи және қоғамдық қатынастарды, жаңа құбылыстарды анықтау арқылы оларды ЖҰО өндіріске қолдану

C) Өндіріс технологиясын дамытудағы прогресс

D) бағдарламаны мақсатты бағыттау

E) әртүрлі көрсеткіштер бойынша бағдарламалардың өзара байланысы

2. Инновация стратегиясын іске асыру мен қаржыландырудың негізгі көзі болып табылады.

A) шетел инвестициялары

B) мемлекеттік бюджет

C) банктік несиелер

D) венчурлік инвестициялау

E) кәсіпорынның меншілігіндегі құралдар

3. Ғылыми прогрессивті технологияның және өнімді қайта жасау мен тануды жүзеге асыратын инновациялық кәсіпкерліктің субъектілері:

A) венчурлық фирмалар

B) құрастырушылық фирмалар

C) ғылыми техникалық орталықтар

D) бизнес-инкубаторлар

E) технопарктер

4. Инновациялық өнімнің рынокта тұтынушылар мен өндірушілер арасында түрлі коммуникациялық арналар арқылы таратылу процесі

A) Мемлекеттік саясат

B) Инновациялық стратегия

C) Диффузия

D) Интеллектуалды меншік

E) Ноу хау

5. Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржылар, жеке кәсіпкерлердің қаржылары, бизнес-періштелер капиталы, инновациялық және инвестициялық қорлар, коммерциялық банктер.

A) Ғылыми-техникалық зерттеулер мен тәжірибе жүргізуге инвестиция бөлінген жеке бизнеске салық жеңілдіктерін ұсыну.

B) Ғылыми-техникалық прогресс пен инновациялық жобаларды қаржыландыруға қажетті қор мынадай қайнар көздерден қалыптасады

C) Мемлекеттің инновациялық саясаты.

D) Инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру: инновациялық және венчурлық қорлар, технопарктер, бизнес-инкубаторлар.

E) барлығы дұрыс

## Әдебиеттер

- 1 Шумпетер И. Теория экономического развития. — М.: Прогресс, 1982. — 454 с.
- 2 Фостер Р. Обновление производства: атакующие выигрывают. — М.: Прогресс, 2007. — 120 с.
- 3 Ансофф И. Стратегическое управление. — М., 1989. — 519 с.
- 4 Борис Санто. Инновация как средство экономического развития. — М.: Прогресс, 2010. — 296 с.
- 5 Дракер П.Ф. Рынок: как выйти в лидеры. Практика и принципы. М., 2012. — 350 с.
- 6 Иленькова С.Д., Гохберг Л.М., Ягудин С.Ю. Инновационный менеджмент. — М.: Банки и биржи, ЮНИТИ — 2008. — 327 с.
- 7 Гончарова Н.П., Перерва П.Г. Маркетинг инновационного процесса. — Киев, 1998. — 264 с.
- 8 Абдыгалпарова С.Б. Инновационный потенциал Казахстана: механизмы активизации. — Алматы, Экономика, 2001. — 158 с.
- 9 Абдыгалпарова С.Б. Инновационный менеджмент: Алматы, Экономика, 2003. 164 с.
- 10 Нарibaев К. Джумамбаев С.К. Нусупова А. Инновационный менеджмент: Алматы, 2008. — 60 с.
- 11 Янсен Ф. Эпоха инновации: Перевод с англ. — М.: ИНФРА — М, 2006 — 308 с.
- 12 Ивина Л.В. Терминология венчурного финансирования. Учебное пособие. — М.: Академический проект, 2005. — 256 с.
- 13 Инновационный менеджмент Учебное пособие/ Под. Ред. д.э.н. А.В. Барышевой — М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2007 г. — 384 с.
- 14 Сахал Д. Технический прогресс: концепции, модели, оценки. — М.: Финансы и статистика, 2005.— 366 с.
- 15 Перлаки И. Нововведения в организациях. — М.: Экономика, 2011. — 144 с.
- 16 Балабанов И.Т. Инновационный менеджмент. — СПб: Питер, 2012. — 304 с.
- 17 Мотина Ю. Японская стратегия разработки и рыночной экспансии новой продукции // Российский экономический журнал. — 2005. - № 9. — С. 77 — 81.
- 18 Бакош. Г. Технологическая политика в Японии: уроки для стран Восточной Европы // Вопросы экономики. — 2007. — № 9. — С. 98-113.
- 19 Иванова Н. Финансовые механизмы научно — технической

политики.(опыт стран Запада) // Проблемы теории и практики управления. — 2007. — №5. — С. 78 — 83.

20.Кембаев Б.А., Айтмамбетов Р.М., Ордабаева С.И. Динамика научно-технического потенциала РК за 2000 — 2009 гг. Аналитический обзор. — Алматы: КазгосИНТИ 2010. — 74 с.

21 Балабанов И.Т. Инновационный менеджмент. — СПб: Питер, 2011. — 304 с.

22 Мотина Ю. Японская стратегия разработки и рыночной экспансии новой продукции // Российский экономический журнал. — 1995. — № 9. — С. 77 — 81.

23 Әмірқанов Р.Ә., Тұрғұлова А.К. Қаржы менеджменті: Оқулық құралы. — Алматы: Т. Рыскулов атындағы ҚазЭУ, 2002.

24. Аньшин В.М. Инвестиционный анализ. — М.: Дело, 2012.

25 Архангельский А.Я. Программирование в Delphi 6. — М.: Издательство БИНОМ, 2011.

26 Баскаков В.Н., Карташов Г.Д. Введение в актуальную математику. — М.: МГТУ имени Н.Э.Баумана, 2008.

27 Богатин Ю.В., Швандер В.А. Инвестиционный анализ. — М.: ЮНИТИ, 2000.

28 Валдайцев С.В. Оценка бизнеса и инноваций. Современные тенденции. — М.: Филинь, 2007.

29 Джон Э. Ханк, Дин У. Уичерн, Артур Дж. райтс. Бизнес-прогнозирование с применением Excel и Minitab. — М.: Издательский дом «Вильямс», 2013.

30 Есипов В.Е. Ипотечно-инвестиционный анализ. — СПб.: Экономическая школа, 1998.

31 Ильдеменов С.В. Инновационный менеджмент в отраслях. — М.: Инфра — М., 2014

32 Иленькова С.Д. Инновационный менеджмент. — М.: банки и биржи, 2007.

33 Инвестиционная деятельность в Республике Казахстан. Стратегический сборник. — Алматы: Агентство РК по статистике, 2014.

34 Информационные технологии — совместимость методов. — М.: РЭА, 2009.

35. Информационная среда — совместимость информационных ресурсов, систем формирования, распределения и использования информации. — М.: РФА, 2012.

## Мазмұны

	Кіріспе	3
1	Инноватика теориясының қалыптасуы және оның қазіргі кездегі концепциялары	7
2	Инновациялық менеджменттің мәні және оның атқаратын қызметтері	21
3	Қәсіпорын инновациялық процессін басқару әдістері	27
4	Ұйымның инновациялық потенциалын анықтау	33
5	Инновациялық жобаларды басқару және инновациялардың экономикалық тиімділігін бағалау	37
6	Инновациялық процесстің кез келген деңгейінде инновациялық қызметті басқару әдістері	41
7	Инновациялық стратегиялар	46
8	Инновациялық қызмет нәтижесін құқықпен қамту	52
9	Шағын инновациялық бизнес ерекшелігі, түрлері	56
10	Венчурлы қаржыландыру	64
11	Инновациялық қызметті қолдаудың дүниежүзілік тәжірбиесі	72
	Әдебиеттер	80

Р. Б. Сартова

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ

Оқу құралы

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева  
Жауапты хатшы Е. В. Самокиш

Басуға 31.03.2015ж.  
Әріп түрі Times  
Пішім 29,7 x 42 ¼. Офсеттік қағаз  
Шартты баспа табағы 3.47 Таралымы 300 дана  
Тапсырыс № 2625

«КЕРЕКУ» Баспасы  
С.Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64